БЕЙСЕНБІ №24 (4418)
29.02.2024

AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

4 870202 250024

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ТРАНЗИТ – ТАБЫСТЫ СЕРІКТЕСТІК КЕПІЛІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚТЖ» ҰК» АҚ Инновациялық орталығына барды. Жиын барысында Президент Сиань қаласындағы көлік-логистика орталығының ашылу рәсіміне телекөпір арқылы қатысты. Мемлекет басшысы аталған сала мен жалпы Қазақстан – Қытай қатынастары үшін көлік-логистика орталығын ашудың маңызды екенін атап өтіп, нысанды іске қосты.

Бұған дейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин Қытайдың Шэньси қаласын Қазақстанмен, Орталық Азиямен және одан әрі Еуропамен байланыстыратын Сиань құрғақ портында логистика орталығын салу жөнінде уағдаласқан болатын.

Сиань – Қытайдың тораптық транзиттік орталығы және ең ірі құрғақ порт орналасқан қаласы. ҚХР мен Еуропа Одағы арасына қатынайтын контейнерлік пойыздардың 40 пайызына жуығы осы жерден жөнелтіледі.

Сиань қаласындағы құрғақ портта орналасқан Қазақстан терминалының жобалық қуаты – жылына 66,5 мың ЖФЭ (жиырма футтық эквивалент). Терминал еліміздің экспорттаушылары үшін жаңа өткізу нарықтарына жол ашады, жүктерді жеткізу мерзімін едәуір қысқартады және Қазақстанның Еуразиядағы сенімді транзиттік хаб ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

Содан кейін Мемлекет басшысы «ҚТЖ» ҰК» акционерлік қоғамы мен Қытайдың Huawei компаниясы бірлесіп құрған жаңа Инновациялық орталықты ашты.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевтың айтуынша, аталған орталық «Ақылды темір жол» жобасын жүзеге асыру мақсатында құрылған. Мемлекет басшысына теміржол көлігі жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған цифрлық шешімдер таныстырылды. Жобалар IT және телекоммуникация салаларындағы әлемнің жетекші компанияларын тарта отырып іске асырылуда.

(Жалғасы 2-бетте)

ПРЕЗИДЕНТ ТАМАШ ШУЙОКТЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқының және жеке өз атынан Тамаш Шуйокты Мажарстан Президенті лауазымына сайлануымен құттықтап, жеделхат жолдады.

– Сіздің орасан зор саяси тәжірибеңіз бен алға қойған тың жоспарларыңыз еліңіздің болашағын жарқын етіп, халқыңыздың ырыс-берекесін еселеуде мызғымас негіз болатынына нық сенімдімін. Тамыры тереңнен бастау алатын Қазақстан мен Мажарстан арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту мақсатында өзіңізбен бірлесе күш-жігер жұмылдыруға дайын екенімді растаймын, – деп жазылған жеделхатта.

Мемлекет басшысы Мажарстан Президентінің аса жауапты қызметіне толағай табыс, ал бауырлас мажар халқына құт-береке тіледі.

АДАЛ БИЗНЕС АЙРЫҚША ҚОРҒАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Дмитрий Малаховты қабылдады.

Президентке Қаржылық мониторинг агенттігінің былтырғы атқарған жұмысының қорытындысы мен алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде баяндалды.

Дмитрий Малаховтың айтуынша, қылмыстық жолмен түскен кірістерді жылыстатуға қарсы күрес саласында 5,7 мыңнан астам тұтынушымен іскерлік қарым-қатынас тоқтатылған. Криптовалюта айырбастайтын 1,5 мыңнан аса заңсыз онлайн-сервис анықталып, бұғатталған. 49 заңсыз майнер әшкереленген. Қазір оларға қатысты тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Террористік және экстремистік ұйымдардың шоттарына қаржы аударуға қатысты 1,2 мың әрекет анықталып, оларға шектеу қойылды.

Мемлекет басшысына 41 қаржы пирамидасының жойылғаны, зардап шеккендерге 4,6 миллиард теңге қайтарылғаны жөнінде мәлімет берілді. Алаяқтық белгілері бар 8 мыңнан астам сайт пен аккаунт бұғатталып, 4,8 мың онлайн-казино сайтының қызметі тоқтатылды. Екінші деңгейлі банктермен және қаржы реттеушілерімен бірлесіп, 21 жасқа толмаған азаматтардың букмекерлік кеңселерге төлем жасау мүмкіндігін автоматты түрде шектеу тетігі енгізіліп жатыр.

Бұдан бөлек, Президентке агенттік 74 миллиард теңге көлемінде негізсіз бюджет шығындарының алдын алғаны, заңсыз қолма-қол ақшамен айналысатын 59 «көлеңкелі» алаң қызметінің тоқтатылғаны, 7 ұйымдасқан қылмыстық топтың жойылғаны, сотқа дейінгі тергеу амалдарының аясында 141 миллиард теңге көлемінде келтірілген залалдың өтелгені жөнінде есеп берілді. Сондай-ақ капиталды заңсыз шығаруға қарсы іс-қимыл саласында жалпы сомасы 276 миллиард теңгені құрайтын активтер қайтарылған.

Қаржылық мониторинг агенттігі алдағы уақытта заңсыз шығарылған активтерді қайтару және адал кәсіпкерлердің ісіне араласпай, «көлеңкелі» экономикадағы қылмыстардың жолын кесу жұмыстарына баса мән береді. Сонымен қатар Қаржылық мониторингті дамыту тұжырымдамасын және Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспарды жүзеге асыру, жылыстату жүйесін FATF (ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы) халықаралық стандарттарына толық сәйкестендіру үшін шаралар қабылданады.

Қасым-Жомарт Тоқаев адал бизнесті қорғау шараларын күшейту қажет екенін ерекше атап өтіп, агенттік қызметінің негізгі бағыттары бойынша жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК МАҢЫЗДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбайды қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің былтырғы атқарған жұмысының есебі беріліп, алдағы кезеңге арналған жоспары таныстырылды.

Агенттік төрағасы Дархан Жазықбай Президентке мансаптық және позициялық модель элементтерінен тұратын мемлекеттік қызметтің гибридті моделін қалыптастыру жұмыстары туралы баяндады.

Сонымен қатар ашық мемлекеттік аппарат құру, атап айтқанда, жеке сектордан білікті мамандарды тарту және жоғары оқу орындарын үздік бітірген түлектерді төменгі лауазымдарға конкурс өткізбей-ақ тағайындау шаралары жөнінде мәлімет берілді.

Президентке e-Qyzmet жүйесі бойынша мемлекеттік қызметке іріктеу жөніндегі пилоттық жобаның қорытындысы таныстырылды. Соның нәтижесінде бос лауазымдарға орналасу үшін конкурсқа қатысушылар саны 2,7 есе артты. Биыл e-Qyzmet іріктеу жүйесін барлық мемлекеттік органға кезең-кезеңімен енгізу жұмыстары басталды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа агенттіктің мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау және басқару жүйесін бюрократиядан арылту салаларына қатысты жұмыстары туралы ақпарат берілді.

Кездесу соңында Президент сервистік және адамдарға бейімделген мемлекеттік аппаратты қалыптастыру, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру және мемлекеттік қызмет жүйесіне заманауи технологияларды енгізу ісін жалғастыруды тапсырды.

ТАСҚЫН ҚАУПІ ҚОРҚЫТЫП ТҰР

Батыс Қазақстан облысында 147 елді мекенді су басу қаупі бар. Бұдан бөлек, 49 авто және теміржол учаскелерін су шайып кетуі мүмкін. БҚО ТЖ департаменті бастығының орынбасары Қанат Қарабалаев өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте мәлім еткендей, жауапты адамдар бекітіліп, қажетті техника, құралдар әзірленген.

7 ▸▸

ҰЛТТЫҚ СПОРТ – ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ

Күні кешегі Еуразияның апайтөс даласын ат тұяғының дүбіріне бөлеген, балшықтай илеген, Алтай мен Атыраудың арасындағы жазиралы өлкеде теңдік пен татулықты, елдік пен еркіндікті ту етіп ұстаған, «бастаса қолдың көсемі, сөйлесе сөздің шешені» болған бабаларымыздың бүгінге жеткен асыл мұралары аз емес. Оны жалпылама – ұлттық құндылықтар дейміз. Осы ретте ұлттық ойындарымыздың орны бөлек. Біз осы мақаламызда ұлттық спорттың ұлтымыз үшін қандай маңызға ие екені жайлы сөз қозғауға бел будық.

6 ▸▸

Ерлан ОМАР *(фото)*

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕУГЕ ТИІС

3 БЕТ

АЛҒЫС АЙТУ МЕЙРАМЫ – ТАҒЫЛЫМДЫ МЕРЕКЕ

4 БЕТ

ТРАНЗИТ – ТАБЫСТЫ СЕРІКТЕСТІК КЕПІЛІ

(Басы 1-бетте)

Бүгінде Қазақстан теміржолы PSA компаниясымен бірлесіп, Транскаспий бағытында тұтас цифрлық дәліз әзірлеп, іске қосты. Жүйе уақытты үнемдейді және тасымалдау процесін барынша ашық, ал Қазақстанды сауда ағындары үшін тартымды етеді. Wabtec компаниясының локомотивтерін тиімді пайдалану жөніндегі пилоттық жобасы жүзеге асырылып жатыр.

Бұлтты шешімдерді, Big Data, Интернет заттар (IoT) және жасанды интеллектіні (AI) пайдалана отырып, «Қазақстан темір жолының» инфрақұрылымы мен қызметтерін жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Президент Көлік-логистика және Инновация орталықтарын ашу маңызды екенін атап өтті.

– Бұл – «Бір белдеу, бір жол» жаһандық бастамасы бойынша іске қосылған жоба. Қазақстан Төраға Си Цзиньпин 2013 жылы біздің елімізде жариялаған ірі жобаны толығымен қолдайды. Осы бастаманың арқасында орталықтың құрылысы қысқа мерзімде аяқталды. Мұның барлығы – екі ел арасындағы табысты серіктестік нәтижесі. Бұл жоба Транскаспий халықаралық көлік дәлізін дамытуға жаңа серпін бермек. Сондай-ақ Еуразиядағы сауда-экономика ынтымақтастығын нығайта түседі деп санаймын. Осы орталықтың сапалы салынуына Қазақстанның және Қытайдың көптеген маманы атсалысты. Мен бүгін баршаңызға ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанды Еуразияның негізгі транзит хабына айналдыру мақсатында қабылданып жатқан кешенді шараларды оң бағалады. Бұл ретте Мемлекет басшысы шын мәнінде бәсекеге қабілетті болу үшін заман талабына сай инновациялық шешімдер қабылдаған жөн деп санайды.

– Жуырда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында экономиканың барлық саласын цифрландыру мәселесіне айрықша мән бердім. Қазақстанда озық IT-шешімдерді енгізу үшін берік негіз қалыптасқан. Отандық теміржол саласы «цифрлық жарысқа» уақыт оздырмай қосылуға тиіс. Бұған белгілі бір деңгейде әзірлік бар екенін көріп отырмыз. Цифрландыруды жеделдету есебінен таяу арада тасымал тиімділігін арттыру және шығындарды қысқарту міндеті тұр. Бұл тек көлік-логистика саласының ғана емес, жалпы экономиканың дамуына тың серпін береді. IT-шешімдер ретсіз енгізілмей, бір-бірін толықтырып, біртұтас экожүйе қалыптастыруы керек. Бұл – маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы аталған міндетті жүзеге асыруға отандық компанияларды тарту қажет екенін айтты.

– Мен осы жұмысқа отандық IT-компанияларды тарту туралы ұсынысты толық қолдаймын. Елімізде сондай компаниялар және мамандар аз емес. Әлемдік IT-компаниялармен тиімді байланыс орнату керек. Экономиканың барлық саласында осындай стратегияны жүзеге асырған жөн, – деді Президент.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев бірлескен жобаларға атсалысып жатқан шетелдік компанияларға алғыс білдірді.

Сонымен қатар Инновациялық орталықта Huawei Technologies Kazakhstan компаниясының бас директоры Чжао Сюй, Lianyungang Port Group компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Ян Лонг, Global DTC компаниясының бас директоры Уи Тан Йонг, Wabtec корпорациясының ТМД, Еуропа, Таяу Шығыс және Африка бойынша аға вице-президенті Байхан Гохан, Alan TECH ЖШС-ның директоры Бауыржан Айтілеу сөз сөйледі.

ТӘЖІРИБЕЛІ МАМАН ТЕМІРЖОЛҒА АУАДАЙ ҚАЖЕТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының инновациялық бастамаларымен танысқаннан кейін теміржол саласының ардагерлерімен жүздесті. Олардың қатарында Қалтай Сәмбетов, Борис Есенаманов, Марат Хамзин, Болатбек Дүйсемәлиев, Қуаныш Котырев, Ескендір Рахметжанов, Оразғали Ахметбаев сияқты құрметті теміржолшылар болды.

Мемлекет басшысы аталған салада ұзақ жыл еңбек еткен тәжірибелі мамандармен теміржолдың даму перспективасы жөнінде пікір алмасты.

– Жол – тіршілік көзі. Теміржол болмаса, экономика дамымайды. Мен теміржол саласын өркендетуге баса мән беремін. Бүгін Сиань қаласында жаңа құрғақ порттың ашылуына байланысты маңызды шара өтті. Шын мәнінде, көлік-логистика саласы – басымдыққа ие бағыт. Қазір мемлекеттер көлік-логистика мүмкіндіктеріне ие болу үшін бәсекеге түсіп жатыр. Қазір, ең басты әлеует – табиғи ресурстар емес, тауар тасымалдау, логистикалық тізбектерді жолға қою. Еңбектеріңізді бағалаймын. Ең бастысы, сіздердің қызметтеріңізді қоғам айрықша құрметтейді. Сіздер мол тәжірибелеріңізге сүйене отырып, тиісті министрлік пен теміржол басшыларына ұсыныстар мен құнды кеңес бересіздер деп сенемін. Сондықтан бірге жұмыс істеуіміз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде ардагерлер теміржол саласында кадр мәселесі көп нәрсені шешетінін айтты. Олардың пікірінше, темірдей тәртіп, еңбекқорлық, берілген тапсырманы бұлжытпай орындайтын кәсібиліктің арқасында теміржолшылар өздеріне жүктелген міндетті орындап келе жатыр.

Сонымен қатар олар көлік саласы ел экономикасында жетекші рөл атқаратынын атап өтіп, соңғы жылдары жүк тасымалының көлемі ұлғая түскенін, арнайы Көлік министрлігін құру нәтижесінде саланы дамытуға ерекше көңіл бөлініп жатқанын жеткізді.

Ардагерлер биыл негізі қаланғанына 120 жыл толған, ел экономикасының күретамыры саналатын теміржол тоқтаусыз жүре берсін деген тілекпен Мемлекет басшысына шойынжол қызметкерінің қолшамын тарту етті.

«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ»: БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ ҚАЙТСЕ ДАМИДЫ?

Бүгін Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың қатысуымен «Ұлттық мүдде» диалог алаңының «Заманауи ұлттық мектеп – жаңа қоғам қалыптастыру жолы» тақырыбына арналған отырысы өтті. Іс-шара барысында білім беру, мәдениет, өнер саласының мамандары, сарапшылар, ғалымдар және сенаторлар ұлттық білім беру жүйесінің даму үрдісін талқылап, осы бағытты реформалау жөнінде ұсыныстарын білдірді.

Сенат Төрағасы қазіргі қоғамды қалыптастырудың және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің негізгі факторы білім беруді, ғылымды және мәдениетті кешенді түрде дамыту екенін атап өтті. Осыған байланысты сапалы және қолжетімді білім беру мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі екені де айтылды. Бұл ретте жаңа тәсілдерді қалыптастыруға және менеджментті жақсартуға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізде педагог мәртебесін арттыруға және осы саладағы жас мамандарды ынталандыруға арналған реформалар іске асырылғанын тілге тиек етті.

«Білім беру саласы Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың әрдайым басты назарында. Соның нәтижесінде елімізде ұстаздардың жалақысы айтарлықтай өсті және педагог мәртебесі заңмен айқындалды. Мемлекет басшысы Жолдауда атап өткендей, біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек. Осы құндылықтарға негіз болатын және оларды бойға сіңіретін басты орта – мектеп екені даусыз. Шын мәнінде, мектеп – адами капиталды дамытатын және заманауи қоғам қалыптастыратын негізгі орын», – деді Мәулен Әшімбаев.

Палата Спикері ұлттық білім беру жүйесін реформалау барысында оқушыларды тұлға ретінде, олардың бірегей қабілеттерін дамытуға басымдық беру қажет екеніне назар аударды. Қазіргі жалпылама оқыту тәсілі бұған толық мүмкіндік бермейді.

«Мектеп – адами капиталдың сапасын қалыптастыратын және елдің бүгінгі болмысы мен болашақ әлеуетін айқындайтын бірден-бір орта. Осы орайда мектептің негізгі үш функцияны жүзеге асыруы маңызды. Біріншісі – білім беру. Бұл ретте оқушылардың тұлғалық ерекшелігін ескеруге, жаңа, бірегей білім беру бағдарламаларын құруға, жүйелі түрде мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және интернет пен цифрлы ресурстардың мүмкіндігін тиімді пайдалануға баса мән беру қажет. Екіншіден, оқушылардың бойында әртүрлі дағдыны – soft skills дамыту да үлкен міндет. Қазір оқушыларға сыни және шығармашылық ойлау дағдысын үйрету, олардың бойына коммуникациялық қабілеттерді, командамен жұмыс істеуді, кез келген ортаға тез бейімделуді сіңіру маңызды. Үшіншіден, мектептің тәрбие ошағы екенін ұмытпауымыз керек. Адами және ұлттық құндылықтарды дәріптеуде, үлкенге құрмет, кішіге ізет, еңбекқорлық, мейірімділік, жауапкершілік сияқты қасиеттерді жас буынның санасына сіңіруде мектептердің рөлін арттырған абзал», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар отырыста педагогтердің құзыреттерін арттыру, білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістемелерін кеңейту, ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және жас ғалымдарға зерттеулер жүргізу бағытында қолдау көрсету жөнінде ұсыныстар айтылды.

«Ұлттық мүдде» диалог алаңының отырысына сенаторлармен қатар Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан, ҚР ҰҒА академигі Дихан Қамзабекұлы, Maqsut Narikbayev University басқарма төрағасының орынбасары Айнұр Кәрібозова, «Назарбаев зияткерлік мектептері» басқарма төрағасының орынбасары Айдана Шілібекова, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, Bilim Media Group директоры Рауан Кенжеханұлы, IQanat қорының академиялық директоры Зухра Шегенова, PISA зерттеулері бойынша ұлттық жобалық менеджер, «Талдау мектебі» жобасының қатысушысы Ризагүл Сыздықбаева және тағы басқа сарапшылар қатысып, сөз сөйледі.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР – МӘСЛИХАТ ТАРАЗЫСЫНДА

Орал қалалық мәслихатының 9-сессиясы өтті. Сессияның күн тәртібінде Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың EGEMEN QAZAQSTAN газетіне берген сұхбатынан туындайтын міндеттерді жергілікті атқарушы және өкілді органдардың іске асыруы туралы және бұдан бөлек 12 мәселе қаралды. Сессияда қалалық мәслихаттың шешімімен бөлшек саудадағы салық 4 пайыздан 3 пайызға төмендетілді. Бұл бастаманы «AMANAT» партиясының Орал қалалық филиалы көтерді.

Орал қалалық мәслихатының 9-сессиясына жиналған депутаттар күн тәртібінде көтерілген әр мәселеге қатысты пікір білдіріп, сұрақ қойып, ерекше белсенділік танытты. Алдымен депутаттар алдына Орал қаласы әкімінің орынбасары Арсен Ғұбашев шықты. Қала әкімінің орынбасары Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың EGEMEN QAZAQSTAN газетіне берген сұхбатынан туындайтын міндеттерді жергілікті атқарушы және өкілді органдардың іске асыруы туралы баяндады.

– Мақалада Президент тағы бір көкейкесті мәселеге назар аударды. Ол – зорлық-зомбылық. Елде болған оқиғаларға байланысты Президент өз сұхбатында зорлық-зомбылыққа арнайы тоқталып кетті. Атап айтсақ, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің жаңа әрі тиімді шараларын қарастыратын заң жобасы әзірленетінін жеткізді. Осы ретте қаламызда қолға алынған жоба туралы айта кетейін. Шаһарымыздың барлық мектептері мен колледждерінде және қоғамдық көліктерде Komek Stop bullying ақпараттық жүйесі өз жұмысын бастады. Оқушылар мен студенттер арнайы QR-код арқылы өз шағымын тастай алады. Бүгінде 700-ден астам хабарлама келіп түсті. Біз өз кезегімізде хабарламаларды инспекторлармен және мектеп әкімшілігімен бірге саралап, тексеріс жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Алдағы уақытта осындай QR-кодтарды көпқабатты үйлерге орналастыру бойынша жұмыс істеп жатырмыз, – деп баяндады қала әкімінің орынбасары Арсен Зинатұлы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев EGEMEN QAZAQSTAN газетіне берген сұхбатында ішкі және сыртқы саясат, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, 2022 жылғы қаңтардағы оқиғалар, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық, АЭС құрылысы және басқа да өзекті тақырыптар жайында мәлім еткен болатын. Осы сұхбатта Мемлекет басшысы болашаққа міндеттер мен мақсаттарды айқындап берді және өткен саяси оқиғаларға өз бағасын берді. Ендігі кезекте жергілікті атқарушы органдар осы аталған бағыттар бойынша жұмыс істейді.

Мәслихат сессиясындағы басты жаңалық кәсіпкерлер үшін жағымды болды. Олай дейтініміз, «AMANAT» партиясының бөлшек саудадағы салықты түсіру туралы ұсыныстары қолдау тапты.

– Салық туралы кодекстегі 699-баптың 5-тармағына сәйкес жергілікті өкілетті органдар салық мөлшерін төрт пайыздан екі пайызға дейін түсіре алады. Біз «AMANAT» партиясы соның ішінде мен өзім «AMANAT» партиясының фракция жетекшісі ретінде осы мәселені былтырдан бастап көтеріп келеміз. Бүгін біз мәслихаттың отырысында осы салықты төмендету туралы ұсынысымызға қолдау таптық. Енді бөлшек саудадағы салық мөлшері төрт пайыздан үш пайызға түсті, – деп атап өтті Орал қалалық мәслихатындағы «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Бауыржан Мұхамбетжанов.

Бұл жаңалық мәслихат депутаттары тарапынан қолдау тауып, бәрі бірауыздан дауыс берді.

– Бұл салық режимі тек былтыр күшіне енді. Бұл норма қабылданғанда төрт пайыз болып бекітілді. Бірақ заңда жергілікті мәслихаттар салықты екі пайызға дейін түсіруге құқылы деп жазылған. Осыған орай кәсіпкерлік бөлімі аталған салық жобасын дайындап, бірнеше кезеңнен тұратын эксперттік тексерістен өткіздік. Атап айтсақ, бұл жоба қоғамдық кеңестің талқысында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің тексерісінен оң қорытынды алды. Енді мәслихат депутаттарының алдына шығарып отырмыз. Бұл салық режимінің оң жақтары баршылық. Бұрынғы ережеге сәйкес кәсіпкерлердің табысы 70 млн теңгеден асып кетпеуі керек болатын. Енді жаңа ережеге сәйкес кәсіпкер 2 млрд теңгеге дейінгі аралықта табыс тауып, жұмысқа 200 адамға дейін тарта алады, – деп жаңа салық режимінің оң жақтары туралы Орал қалалық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Мейрам Хайыров атап өтті.

Сессия барысында депутаттар осы салықты түсіруге қатысты партияның ұсынысын бірауыздан қолдап, дауыс берді. Сессия жұмысы басқа сұрақтарды талдаумен жалғасты.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕУГЕ ТИІС

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановтың жетекшілігімен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар байланыс, цифрландыру және ақпараттандыру саласының инвестициялық ахуалды арттыру және әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша заңдарды екінші оқылымда қабылдады. Сондай-ақ отырыста Ғылым мәселелері туралы заң да қабылданды. Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы Конституция нормаларына сәйкес келтіруге бағытталған заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданып, бірқатар халықаралық құжат ратификацияланды.

Жалпы отырыста байланыс, цифрландыру және ақпараттандыру саласындағы инвестициялық ахуалды арттыру мәселелері бойынша заң қабылданды. Құжат Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін депутаттардың бастамасымен әзірленді. Жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смышляева заңда виртуалды байланыс операторларының рұқсат беру тәртібі қарастырылғанын айтты.

– Пилоттық жоба аясында геостационарлық емес спутниктерді (StarLink, OneWeb) пайдалана отырып, байланыс технологияларын енгізу үшін ерекше реттеу қарастырылады. Пилоттық жобаның құқықтық және техникалық режимдерін байланыс саласындағы уәкілетті орган және Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайтын болады. Бұл шалғай ауылдардағы әлеуметтік нысандарды интернетпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деді Е.Смышляева.

Депутаттың айуынша, Алматы қаласындағы жағдайдың қайталануына жол бермеу үшін байланыс операторлары өз желілерінде хабар тарату технологиясының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті болады. Бұл төтенше жағдайдағы жедел SMS хабарламаларға қатысты. Алматыдағы жер сілкінісі кезінде SMS әдеттегі (қарапайым) технологиямен жіберілген және хабарламалар уақытында жетпеген. Заң Сенаттың қарауына жолданды.

Мәжіліс әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша заңды да қабылдап, Сенаттың қарауына жіберді. Заң балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі мемлекеттік саясаттың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін жетілдіруді көздейді.

– Заңда денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, ұрып-соғу, суицидті насихаттау, он алты жасқа толмаған адамдарға жыныстық қорлап тиісу және басқа да іс-әрекеттер криминализацияланды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген белгілері бар адамдарға уақытша тұруға мүмкіндік беретін Отбасын қолдау орталықтарының құзыреттері нақтыланды. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіргені және ұрып-соққаны үшін қылмыстық құқықбұзушылық жасаған адамдарды ұстау тәртібі реттелді, – деді жұмыс тобының жетекшісі Жұлдыз Сүлейменова.

Тәртіп бұзушыларға жауапкершілік пен жазаны күшейтумен қатар, азаматтарды қолдаудың психологиялық көмек оңалту бағдарламалары қарастырылған.

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов түзетулер заң үстемдігі мен тәртіпті қамтамасыз етуге тікелей бағытталғанын және оны әзірлеу барысында өте ауқымды жұмыс атқарылғанын атап өтті.

– Әйелдер мен балалардың қорғансыздығы жайындағы мәселе бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желіде жиі көтерілуде. Агрессорлар мен абьюзерлердің кесірінен қаншама шаңырақ шайқалып, әйел тағдыры талқыға түсіп, балалар зардап шегуде. Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатайтуды жұртшылық көптен бері талап етіп келеді. Жаңа заң бойынша мұндай қылмыстар үшін қатаң шаралар қолданылады. Ол орынды. Жалпы, әйелдер мен балаларға күш көрсетуге, агрессия мен зорлық-зомбылыққа жол бермеуге тиіспіз, – деді Е.Қошанов.

Ғылым мәселелеріне қатысты заңды депутаттар Президент тапсырмасын орындау мақсатымен әзірледі. Асхат Аймағамбетов түзетулердің басты мақсаты ғылым және білім саласындағы заңнаманы жетілдіру екенін айтты. Қазір ғылыми-зерттеу институттарында немесе университеттерде істейтін ғалымдарымыз өздерінің доктор PhD, ғылым докторы, ғылым кандидаты сияқты ғылыми дәрежелері үшін ай сайын жалақысына қосымша үстемақы алады.

– Енді оларға профессор немесе доцент сияқты ғылыми атақтары үшін жалақысына қосымша ақы беру ұсынылып отыр. Мысалы, доктор PhD, ғылым кандидаты қазір ай сайынғы жалақысына аталған ғылыми дәрежесі үшін 62 мың теңге үстемақы алса, енді 92 мың теңге алады. Ал ол ғылым докторы болса және қазіргі уақытта ол 125 мың теңге үстемақы алса, бұл заң қабылданғаннан кейін қосымша профессор атағы үшін тағы да 60 мың теңге, яғни 185 мың теңге қосымша ақы алатын болады, – деді А.Аймағамбетов.

Сонымен қатар жоғары оқу орындарында және ғылыми ұйымдарда жұмыс істейтін ғалымдарға ғылыми, ғылыми-педагогикалық және ғылыми-техникалық сипаттағы жұмыстарды аяқтау үшін бір жылға дейінгі еңбек демалысы беріледі.

Депутаттар кейбір заңнамалық актілерді Конституция нормаларына сәйкес келтіру жөніндегі заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Конституциялық сот «Мемлекеттік қызмет туралы» заңның кейбір баптарын еліміздің негізгі заңына сәйкес келмейді деп таныды. Осыған байланысты 16, 59, 61, 64-1-баптарға өзгерістер енгізілді.

– «Мемлекеттік қызмет туралы» заңның 16-бабы 3-тармағының 6-тармақшасының ережелері азаматтардың конституциялық құқықтарына қысым жасауға әкеп соғады, әділдік, пропорционалдық және мөлшерлестік талаптарына сай келмейді. Мерзімсіз тыйым салудың орнына мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыстан шығарылған азаматты мемлекеттік қызметке қабылдауды шектеудің 2 жылдық мерзімі белгілеу ұсынылады, – деді Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев.

Сонымен қатар Мәжіліс бірқатар халықаралық құжатты ратификациялады. Оның бірі – екі мемлекеттің тәуелсіздігін, егемендігін, аумақтық тұтастығын және тұрақты экономикалық дамуын одан әрі нығайтуға бағытталған Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы одақтастық қатынастар туралы шарт. Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушы Қайрат Омаровтың айтуынша, елдер өзара экономикалық кооперацияны тереңдету, сауда айналымын, инвестициялық қызметті, кәсіпкерлік және өзге де шаруашылық қызметті нығайту және ұлғайтуға қолайлы жағдай жасайды.

ПЕДИАТР МАМАН ТАПШЫ

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова екі ратификациялық заң жобасын таныстырды. Соның ішінде зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама. Оның аясында енді Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше кез келген мемлекет міндетті лицензия бойынша өндірілген өнімді экспорттай алады. Бірақ мұндай дәрі-дәрмек өндірісі халықтың денсаулығын сақтау мақсатында жүргізіледі, яғни коммерциялық мақсатта емес.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Айна Мысырәлімова елімізде шала туылған нәрестелермен жұмыс істеудің кешенді тәсілдерінде әлі де проблемалар барын айтып, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың атына депутаттық сауал жолдады. «Елімізде диагнозды ерте анықтау баяу жүруде. Мамандардың жетіспеушілігі мәселесі де бар, қазір педиатриялық профильдегі дәрігерлердің тапшылығы еңбекақысының осындай өте төмен жалақысымен салыстыруға келмейді. Сонымен қатар балалар офтальмологі, әдетте бүкіл аймақ үшін 1 (бір) штат бірлігі болып табылады және бұл маман болмаған жағдайда оны ауыстыруға мүмкіндік жоқ», – деді Айна Мысырәлімова.

Мәжілістің жалпы отырысында қаралған келесі құжат – ТМД елдерінің қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісім. Оның маңызды тармақтарының бірі – мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалардың іс-қимылының жеделдігі, төтенше жағдайлар туындаған кезде олардың мемлекеттік шекарадан өтуі қажет болған жағдайда ұзаққа созылатын рәсімдерді жою.

Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті үш жаңа заң жобасын жұмысқа қабылдады. «Жол жүрісі туралы» заңға жекелеген көлік құралдары түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша заң жобасы мен оған ілеспе түзетулер; туристік индустрияны қолдау мәселелері бойынша заң жобасы.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша жауапты мемлекеттік органдарға 10 депутаттық сауал жолдады.

БЮДЖЕТТІ ТОЛТЫРУ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Мархабат Жайымбетовтің айтуынша, бүгінде бюджетті толтыру бойынша көрсеткіштер көңіл көншітпейді. Депутат осы мәселеге қатысты Премьер-Министр Олжас Бектеновке сауал жолдады. М.Жайымбетов еліміздің биылғы шығыны – 24 трлн теңге болғанын жеткізді. Оның 16,5 трлн теңгесі табысымыз, 3,6 трлн теңгені Ұлттық қордан аламыз, 4 трлн теңге құнды қағаздарды шығарудан түсіп отыр. Яғни, тапшылық 7,5 трлн теңгені құрайды. «Алдымен квазисектордың таза пайдасын бюджетке беретін уақыт келді. Осы секторға жақсы аналитикалық талдау жасап, дұрыс жолға қойса, қазынамызға ең кемі 3 трлн теңге түсіруге болады. Бұл – бір. Екіншіден, квазисектордың сатып алу жүйесі мен механизмдерінде әлі де ашықтық жоқ. Сондай-ақ Ұлттық компанияларға құны 1,6 миллиард теңге болатын чартерлік рейстер неге қажет?» – деді ол депутаттық сауалында.

Бұған қоса, Мархабат Жайымбетов салық жеңілдіктерінің тиімділігін арттыру және олардың санын оңтайландыру жөнінде бірқатар ұсыныс айтты. Депутаттың пікірінше, Мемлекеттік кірістер комитетінің дерегінде қолданылған салық жеңілдіктерінің сомасы 2022 жылы 9,5 трлн теңгені құраған. Яғни, бұл бюджетке түспеген қаржы. Басты кемшілік – жеңілдіктердің саны мен құрылымы пысықталмаған және жеңілдіктер белгісіз мерзімге, ешқандай мақсатты индикаторларсыз енгізілген. «Салық кодексіндегі жеңілдіктердің саны – 485. Бұл дегеніміз едәуір көп. Біз алдымен 30%-ға қысқартсақ, шамамен бюджетке 1,3 трлн теңгеге дейін қаражат түсіруге болады. Мұны тереңірек зерделесек, болашақта 50%-ға жеткізуге болады. Расымен, кейбір салықтық жеңілдіктер тиімділіктерін көрсетпей жатыр. Кәсіпкерлер жеңілдік алса да, өнімнің бағасын түсірмей отыр. Мысалы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сату және импорттау айналымы қосымша құн салығынан босатылған. Бірақ осы салықтан босату – дәрілер мен медициналық бұйымдардың бағасының түсіне әсер етпеген.

Осы ретте мемлекет беретін жеңілдік іс жүзінде импорттаушылар мен сатушылардың коммерциялық мүдделеріне ықпал етеді, ал бюджетке кіріс келтірмей отыр», – деді депутат.

Көбіне, жеңілдіктердің негізгі алушылары – ірі компаниялар екенін айтқан мәжілісмен депутаттық сауалында келесі мәселелерді қарастыруды ұсынды. «Біріншіден, салықтық жеңілдіктерге толық ревизия жасап, шетелдік тәжірбиені қарап, алдымен 30%-дан астамын қасқарту қажет. Яғни, 150-ге жуық түрін қысқарту. Екінші, Ұлттық қордан қайта-қайта қомақты қаржы алмау үшін жиналған қаржыны тиімді басқару процесін жетілдіріп, квазисектордың таза пайдасын 100% бюджетке беру. Үшінші, ұлттық компаниялардың, әсіресе «Самұрық-Қазына» қорындағы тендерлерді – бірыңғай мемлекеттік сатып алу жүйесіне көшіріп, мемлекеттік сатып алу заңының қолданылу аясына ауыстыру қажет. Сонда ғана 100 пайыз ашықтық пен әділеттілікті қамтамасыз ете аламыз», – деді М.Жайымбетов.

СУДАН ШУ ШЫҚПАСЫН ДЕСЕК...

Елімізде суармалы егістікке байланысты бірқатар мәселе туындап отыр. Осының салдарынан шаруалар өздеріне тиесілі көмектерге қол жеткізе алмай жатқан жайы бар. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Қайрат Балабиев Түркістан облысының мақташыларының мәселесін жеткізді. Өңірде мақта саласында 83 мың шаруа қожалығы жұмыс істейді. Десе де, былтырғы жыл мақта шаруашылығына онайға соқпаған. Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың атына жолдаған депутаттық сауалында Қ.Балабиев заңдағы қайшылықтардың салдарынан шаруалар өздеріне берілетін субсидияға қол жеткізе алмай қалғанын айтты. «Себебі Ауыл шаруашылығы министрінің «Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілген қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларының» (2015 ж. 30 маусымдағы №6-3/597) 1-тарауының 4-тармағына сәйкес, егіс алқабына су есептегіш құралдары мен құрылғылары орнатылмаған жағдайда субсидия берілмейді. Бұл талап биылғы 1 қаңтардан қолданысқа енгізілді. Осы орайда, құрметті Айдарбек Сейпілұлы, Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы №6-3/597 бұйрығымен бекітілген ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидалары 1-тарауының 4-тармағын алып тастауға ықпал етуіңізді және бұл мәселе азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер ететіндіктен, «AMANAT» партиясының қатаң бақылауында болатынын ескеруіңізді сұраймын», – деді депутат.

Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі, депутат Данабек Исабеков Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің атына жолдаған депутаттық сауалында су тапшылығы қаупі артқанына алаңдады. «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасындағы 10 басымдықтың бірі – су мәселесін шешу екенін айтқан депутат министрге фракция атынан бірқатар ұсыныс жолдады. Мәжілісменнің пікірінше, ең алдымен, суды үнемдейтін озық технологияларды енгізіп, инфрақұрылымын жетілдіру қажет. Барлық салаға қажетті суды цифрландырып, «көлеңкелі су нарығын» шектеу керек. Онсыз суды үнемдеу мүмкін емес. «Шаруашылық су мен ауызсудың нормативін анықтап, көлік жуу орталықтарына ауызсуды қолдануды шектеу қажет. Мәселен, Шымкент қаласы бойынша тәуліктік су тұтыну тәулігіне орта есеппен 198,9 мың текше метрді құрайды. Онтүстіктегі мегаполисте 195 көлік жуу орны бар. Бұл ресми тіркелген көлік жуу орны ғана. Енді қарапайым арифметики бойынша есептеп көрейік, бір автокөлікті толық жууға 50-60 литр су кетеді. Сонда бір тәулікте 195 көлік жуу орнында 10 көліктен жуылғанда 975 мың литр су, яғни 975 мың шаршы метр су шығындалады. Бұған ел аумағындағы қалалар мен кенттердегі мыңдаған көлік жуу орындарын қосыңыз», – деді ол.

Өзекті мәселеге қазір мойын бұрып, іске кіріспесек, ертең кеш болатынын жеткізген депутат министрге су үнемдеу ісіне қатысты жұмыстың нәтижесін жақын арада хабарлауды сұрады.

Ұлағат БЕКБОЛАТ

Ерлан ҚОШАНОВ, Мәжіліс Төрағасы:

– Әйелдер мен балалардың қорғансыздығы жайындағы мәселе бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желіде жиі көтерілуде. Агрессорлар мен абьюзерлердің кесірінен қаншама шаңырақ шайқалып, әйел тағдыры талқыға түсіп, балалар зардап шегуде. Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатайтуды жұртшылық көптен бері талап етіп келеді. Жаңа заң бойынша мұндай қылмыстар үшін қатаң шаралар қолданылады. Ол орынды. Жалпы, әйелдер мен балаларға күш көрсетуге, агрессия мен зорлық-зомбылыққа жол бермеуге тиіспіз.

Елімізде 2016 жылдан бері 1 наурызды Алғыс айту күні ретінде мерекелеу дәстүрі қалыптасты. Алғыс айту күні – ең алдымен тыныштық пен бейбітшіліктің, халқымыздың бір-біріне құрметі мен сыйластығының, мейірім пен достықтың мерекесі. Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстанға еріксіз қоныс аударған түрлі этнос өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай халқымызға терең тағзымының белгісі. Біз мереке қарсаңында Парламент Сенатының депутаты Геннадий Шиповскихпен сұхбаттасқан едік.

Геннадий ШИПОВСКИХ,
Парламент Сенатының депутаты:

АЛҒЫС АЙТУ МЕЙРАМЫ – ТАҒЫЛЫМДЫ МЕРЕКЕ

– 1 наурыз – Алғыс айту күні Сіз үшін қандай мереке?

– Көктемнің алғашқы күні, алғашқы мерекесі – мен үшін ерекше. Алғыс айту күнінің тарихына үңіліп қарайтын болсақ, барша қазақстандықтар үшін ерекше мәнді, мағыналы мереке деп ойлаймын. Сонау XX ғасырдың басында әртүрлі жағдаймен қаншама этнос өкілдері қазақ жеріне көшіп келді. Өз отандарынан айырылып, мәжбүрлі түрде жер аударылды. Сол уақыттарда тағдыр тәлкегіне ұшыраған қаншама адамдарды, отбасыларды қазақ халқы даладай дархан көңілмен бауырына басты. Қараша үй, қара шаңырағында мейірімге бөлеп, қамқорлығына алды. Соңғы түйір дәнін, жарты нанын бөліп берді. Жатсынбады, жатырқамады. Бүгін ортақ Отанымыз, бейбіт еліміз, бірлігі жарасқан халқымыз бар. Сондықтан да түрлі этнос өкілдері қазақ халқына өз ризалығын білдіруде.

Алғыс айту мейрамы – тек ризашылық күні ғана емес, тарихтан сыр шертетін тағылымды мереке. Қазақстандағы барлық этнос өкілінің өмірлік өз шежіресі бар. Ал оның әрбір тарауында қазақ халқының өлшеусіз рөлі бар екені сөзсіз.

– Сіз алдымен кімге алғыс айтар едіңіз?

– Алғысымды бірінші кезекте мені әлпештеген, биікке көтерген қазақ халқыма айтамын. Маған өмір сыйлаған әке-шешеме, өсіріп, тәрбиелеген ата-анама алғысымды айтамын. Отбасыма алғыс айтамын. Барлығы менің қолдаушыларым, қорғаушыларым, қамқорым. Барлығына ризамын, рақмет айтамын. Жалпы, Алғыс айту күні – қысқа ғана уақытта халықтың ерекше ықыласына бөленген тамаша мейрам. Көктемнің алғашқы күні мейірімнің, жақсылықтың, бейбітшіліктің, татулықтың, ырыс-берекенің нышаны ретінде дамуы керек деп ойлаймын.

Сонымен қатар алғыс айту бүгінгі күннің батырларына да арналады. Себебі қазіргі уақытта құтқарушыларымыз, шекара күзетіндегі, құқық қорғау органдарындағы және басқа да елімізге қызмет етіп жүрген қаншама батырларымыз бар. Бұл кісілерге де өз алғысымызды айтамыз.

– Мерекені отбасыңыз, балаларыңыз қалай қарсы алады?

– Отбасым үшін де ерекше мейрам. Жаймашуақ көктемнің бірінші күнімен жарыса жеткен мереке отбасымызға да шуағын төгіп, қуанышын ала келеді. Мерекені жылы ықыласпен қарсы аламыз. Біз тату-тәтті шаңырағымызда бір-бірімізге алғыс айтып, ризашылығымызды білдіреміз.

– «Армансыз адам – қанатсыз құс» дейді. Арманыңызға қанат бітіріп, қиялыңызды ұштаған, білімге баулып, тәлім берген ұстазыңызды еске алып, алғыс айтуыңызға болады...

– Әрине, ұстаз әрбір адамның өмірінде ойып тұрып үлкен орын алады. Менің алғашқы ұстазым – Дәметкен апай. Кейін білім көкжиегіне жетелеген Ырыскүл апай, Мира апай секілді ұстаздарым көп. Ұстаздарымның барлығына басымды иіп тұрып алғыс айтамын. Қазақта «Ұстазы жақсының –ұстанымы жақсы», «Ұстаздан шәкірт озар» деген қанатты сөз бар. Сондықтан білімге баулып, тәрбие берген ұстаздарымның арманын орындадым деп ойлаймын.

Бір-бірімізге алғыс айту, ризашылығымызды білдіру дегенді көбіне ескере бермейміз. Шындығында, бір-бірімізге бар болғанымыз үшін, береке-бірлігімізді, ырыс-ынтымағымызды сақтай білгеніміз үшін алғыс айтудың, ризашылығымызды білдірудің маңызы зор. Барша ағайындарыма, әріптестеріме, достарыма, мені қолдап жүрген әрбір азаматқа алғыс айтамын. Мейрамымыз құтты болсын!

– Рақмет! Мерекеңіз құтты болсын!

Сұхбаттасқан
Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

20 AIQYN ЖЫЛ

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген тұста қазақ баспасөз кеңістігінде «Халық кеңесі», «Түркістан», «Ана тілі», «Азия», «Алтын Орда», «Жас қазақ» тәрізді бірқатар басылымдар пайда болды. Өйткені кеңестік қыспақтан құтылған елдің саяси ахуалын, тұрмыс-тіршілігін, руханият әлемін, жүрер жолын тәспірлеп отыратын үнпарақтар қажеттіліктен туындап жатқан еді. Жұрттың соны ақпаратқа сусап отырған кезі-тұғын. Содан болар, оқырманның жаңа басылымдарға деген ынтасы бөлек болды. 2000 жылдардың бас кезінде жаңа басылымдардың қатарын «Айқын» газеті толтырды. «Айқын» жарық көре салысымен ақпарат кеңістігіндегі орнын бірден ойып тұрып алды деуге болады.

AIQYN – АЙТАРЫ АЙҚЫН БАСЫЛЫМ

Себебі біріншіден, басты ерекшелігі – газеттің шығу жиілігі еді. Аптасына 5 рет шығу, тек ол кезде «Егемен Қазақстанның» ғана маңдайына бұйырып тұрған кез болатын. Енді оған «Айқын» қосылды. Екіншіден, «Айқын» жаңаруды, жаңғыруды, жаңашылдықты ұстанды. Яғни, «Егемен Қазақстанға» қарағанда әлдеқайда еркін болды. Күлбілтелемей ашық жазды. Ақиқатты айтты. Қысқасы, «Айқын» айтары нағыз айқын басылым екенін танытты. Үшіншіден, басылымға жазу өрнегі бөлек, білімді де білікті, тәжірибесі мол, бір шоғыр талантты журналистер келді. Олар газетті бірден сара жолға түсіре алды деуге болады. Сондай-ақ «Айқын» жарық көрген уақыт – елімізде ғаламтордың әлі дамымаған кезі. Қазіргідей қолдағы ұялы телефонға үңіліп, әлемнің бір қиырында болған оқыс оқиғаны демде көріп отыратындай жағдай жоқ еді. Содан болар, жұрт «Айқын» не жазды екен?» деп, газет дүңгіршектеріне жүгіріп жүрген заман-тұғын. Әлбетте, бұл газеттің тиражын өсіруге үлкен себепкер болды. Қысқа ғана уақыт ішінде «Айқын» еліміздегі ақпарат кеңістігінде өзіндік орнын қалыптастырып үлгерді. Бұл жерде газетті басқарған редакторлар жөнінде үндемей өтуге болмайды. Өйткені «Айқынның» «Айқын» болып қалыптасуында олардың үлесі алабөтен. Газет алғаш шыққан кезде оны Серік Жанболат басқарды. Өзі де, сөзі де бөлек дарынды азамат. Ұзақ жылдар еліміздегі телеарналарда қызмет еткен. Тәжірибесі жетерлік. Оның үстіне, өзіне орынбасар қылып газеттің «майын» ішкен Әділбек Қабаны алды. Ал екі мықты тандем болған жерде газет қалай жаман болсын. Бірден түрленіп, гүлденіп жүре берді. Серіктің өзге редакторлардан бір ерекшелігі – домбыраны да, гитараны да тартып, әуелетіп ән салатындығы. Сазгерлік қасиеті де баршылық. Ұжымның тойларында әзіл әңгімесін айтып, ортаға шығып билеп кететін, өнерден де құр алақан емес-ті. Серік Жанболаттан кейін газетке басшылыққа Бауыржан Омаров келді. Баукең кешегі Алаш азаматтарының сарқытындай еді. Болмысынан бекзаттықтың, дегдарлықтың, ақсүйектіктің лебі есіп тұратын. Лездеме кезінде көзілдірігін түзеп қойып, сырбаздана сөйлегенде кешегі өткен Алаш арыстары Ахаң мен Жақаңның (Байтұрсынұлы, Дулатов), Әлиханның (Бөкейханов), я болмаса Әлімхан Ермековтың бейнесін көргендей сезініп қалатынымыз рас. Қысқасы, Баукең бір бойына тектіліктің бар нұсқасын жинақтаған жан еді. Оның үстіне, газет ісін жетік біледі. Келді де кірісті. Небір жаңа айдарларды өзі қойды. Тың тақырыптарды тауып, соларды жазуға нұсқау беріп отырды. Сол Баукеңнің тұсында «Айқын» жаңа бір белеске көтерілді деп нық айтуға болады. Ал Нұртөре Жүсіп келген кезде «Айқын» мүйізі қарағайдай ірі басылымға айналып үлгерген. Атынан ат үркетіндей, билік санасатындай деңгейде еді. Нұрекең журналистикадағы жолын газеттен бастаған азамат қой. «Айқынның» жетпей жатқан жағын жеткізді, толмай жатқан жағын толтырды, болмай жатқан жағын болдырды. Бір сөзбен айтқанда, газетті төрт аяғынан тік тұрғызды. Сарабдал газетші, абадан редактор екенін танытты. Өз басым «Айқын» газетінде 12 жыл 2 ай қызмет етіппін. Сол он екі жылда басында атаған үш редактордың қарамағында жұмыс істеппін. «Айқында» жүріп айқындалдық, ысылдық, жазу стилімізді қалыптастырдық. Қысқасы, «Айқын» журналистік жолымдағы үлкен мектеп, ұстахана болды десем артық айтпағаным.

Төреғали Тәшен, Берік Бейсенұлы, Айгүл Аханбайқызы, Жұмабек Жанділдин, Ғалым Сүлеймен, марқұм Жолдасбек Дуанабай сияқты қарымды журналистермен қызметтес болдық. Бір қызығы, «Айқын» «көшпенді» газет еді. Тұрақты отыратын орны болмағандықтан, әртүрлі жағдайға байланысты араға бірер жыл салып тұратын жерін ауыстырып отыратын. Алматының өзінде жеті жерге көшіп-қоныпты. Сегізінші орны Астанаға көшіп, сонда тұрақтады. Сол «Айқын» газетінің шыққанына да биыл 20 жыл толып жатыр екен. Еліміздегі ақпарат кеңістігінде өзіндік орны бар, басылым ғасырлық тойын тойлайтын күнге жетсін дегім келеді.

Сейсен ӘМІРБЕКҰЛЫ,
(«Айқын» газетінің 2005–2017 жылдардағы тілшісі)

ОРАЛДЫҚ НАДЕЖДА БҰҒЫ ӨСІРЕДІ

Орал қаласында өзіндік әлемі бар таңғажайып орталық бар. Қалалық мәдениет және демалыс саябағының түбінде орналасқан орталықта Надежда Гурская есімді келіншек солтүстік бұғыларын өсіріп отыр. Үш жыл ішінде қалалықтардың ең жиі баратын демалыс орнына айналып үлгерген фермаға біз де бас сұқтық.

Төрт гектар жерді алып жатқан аймақты көруге көз керек. Құдды бір ертегі әлеміне еніп кеткендей боласың. Ерекше етіп безендірілген шағын ғана ферманың иесі Надежда бізді өзі күтіп алды.

Надежда Гурская – кинолог. Бұған дейін қызметтік иттер асыраған. Қазір «Северная сказка» бұғы фермасының жұмысын жүргізіп отыр.

Оралда солтүстік бұғыларын өсіретін ферма осыдан үш жыл бұрын ашылған. Надежда бұғыларды Сібірден, дәлірек айтқанда Ханты-Манты өлкесінен әкелген. Фермаға алғаш болып Буран мен Север есімді бұғылар келген. Кейін олардың төлі Бэсти есімді бұғышақ дүниеге келіпті.

Надежда осы ерекше ферманы ашу туралы көп ойланыпты. Әсіресе, бұғыларды өсіру, күтіп-баптау туралы көп ізденгенін айтады. Қанша дегенмен нағыз Сібір бұғысын Оралға жерсіндіру аз еңбек емес. Климаты жұмсақ Оралда жаздың күндері бұғыларды өзенге апарып тұрады екен.

– Әйтпесе, олар қатты ыстықты көтере алмайды, – деп күледі Надежда. – Мен өзім кинологпын. Өмір бойына сол салада жұмыс істедім. Қызметтік иттерді күтіп-баптаудың қыр-сырын өте жақсы білемін. Жануарларды өте жақсы көремін. Үйде де өте көп итім болды. Әсіресе, өзге тұқымды иттерді өсіргенді жақсы көремін. Жан-жануарға деген махаббатымның нәтижесінде осы бұғы фермасын аштым. Қандай жануар ұстасам екен деп көп ойландым. Оралда жоқ ерекше бірдене жасауым керек деген ой келді. Әрі ізденіп, бері ізденіп, Қазақстанда солтүстік бұғылары мүлдем жоқ екенін білдім. Содан туған жеріме алғаш рет солтүстік бұғыларын әкелдім. Бұларды әкелу де оңай болмады. Әрі бұлар арзан тұрмайды. Мен бұғыларды солтүстік Сібірден әкелдім. Бұлар – нағыз солтүстік бұғылары. Сондықтан да бұғыны көргісі келетіндер Қазақстанның түкір-түкпірінен келеді.

Бұғы фермасына келушілер қысығазы толастамайды. Қазір қыстың соңғы айында тіпті көбейген. Біз барған күннің өзінде адам көп. Бәрі бұғы жегіп, шанамен серуендеп жүр.

Фермада үш бұғы, бірнеше асыл тұқымды қоян мен хаски тұқымды иттер, сондай-ақ пони мен жанат та бар.

Кейіпкеріміздің айтуынша, бұғы жануарының өзі қымбат тұрады. Оның жейтін арнайы тамағын тапсырыспен Ресейден алдырады. Бұғы – керемет, мейірімді жануардың бірі. Олардың үстіңгі тістері де жоқ, ал астыңғы тістері балалардың сүт тісінен 2 есе кіші. Бұл бұғылардың еш зияны жоқ екенін тағы бір рет дәлелдейді.

– Оларда маңдай тіс болмайды. Сондықтан қорықпай қолдан тамақтандыруға болады. Бұғы рационында негізгі орында мүк болғандықтан, бізде азық-түлікті тасымалдау және жеткізу бірінші орында. Біз оны бұғы мекендейтін жерден, Сібірдің өзінен аламыз, өйткені ол басқа еш жерде өспейді. Мүктен басқа, бұғы жидектер мен саңырауқұлақтарды жей алады, бірақ мүк – олардың ағзасы үшін ең қажетті өнім. Сондықтан біз оларды көптеп сатып аламыз. Сонымен қатар олардың гигиенасы туралы да ұмытпаймыз, күніне 2 рет ваннаға түседі және өзенге апарамыз. Олар жүзуді ұнатады және керемет жүзеді, – дейді ферма иесі.

Бұғылардың басты ерекшелігі – олардың мүйізі. Ол өте жұмсақ және ұсақ түкті болып келеді екен. Әрі өте жылдам өседі. Күніне 2 см-ге дейін өседі. Қыста жұмсақ мүйіздері қатайып, бұтаққа айналған кезде, бұғылар оны тастайды. Солтүстік бұғыларының аталықтарында ғана емес, аналықтарында да мүйіз болады екен. Басқа бұғылардың аналықтарында мүйіз болмайды. Аталығы қыстың бастапқы айларында тастаса, аналықтары мүйізін төлдегеннен кейін тастайды. Мүйіздерін тастағаннан кейін, үшінші күні ол қайта өсе бастайды.

Надежда Гурскаяның айтуынша, бұл фермаға ол кәсіп ретінде немесе пайда көзі ретінде қарамайды, керісінше жанына жылулық сыйлайтын хоббиі санайды.

Хаски тұқымды иттер мен пониды Ресейдің Толятти қаласынан әкеліпті. Біз барған күні ауа райы тамылжып тұрды. Осыны пайдаланған жануарлардың бәрі күншуақта қыздырынып жатыр екен.

– Хаскилер өте мейірімді болады. Адамға зияны жоқ. Менің орталығыма балалар көп келеді ғой. Солар үшін қауіпсіз әрі фотоға бұлар өте әдемі түседі. Өздері сүйкімді, бәрі ерке. Мен бұларды күніне екі мәрте тамақтандырамын. Қояннның үш түрлі тұқымы бар. Бұл қояндар – кәдімгі оралдық қояндар. Балалар келген бетте қояннның жанынан шықпайды. Оларды қолдарына алады, құшақтап фотоға түседі, – дейді Надежда Гурская.

Надежда осы жердегі әр жануардың «тілін» біледі. Ол осы жерден өмірінің мәнін көреді.

– Жануарлар әлемі деген бір тұңғиық қой. Сүңгіп кетсең, өте әдемі әлем екенін түсінесіз. Әсіресе, мына бұғылар – нағыз терапияның көзі. Жаның жабырқап тұрғанда осында келіп, бір демалып қаламын. Ана хаски тұқымды иттер бәрін сезеді. Бұлардың әлемі де, тілі де бөлек. Мен өзім бәрінің тілін түсінемін. Жануарларды сүймейтін адам қоршаған ортасын да сүйе алмайды. Жалпы, қай іске де махаббат керек. Егер менің жан-жануарға деген махаббатым болмаса, бұл орталық та болмас еді. Алдағы уақытта тағы да бұғылар әкелемін. Әзірге ешқандай мемлекеттік қолдау көріп отырғаным жоқ. Бәрін өз қаражатыма жасап жатырмын. Жалпы, менің негізгі мақсатым да сол. Қоғамға, айналама пайдалы болғым келеді. Әзірге сол әлеуметтік аз қорғалған топтарға ғана тегін мүмкіндік беріп отырмын, – деп жан сырын ақтарды кейіпкеріміз.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Таулар алыстаған сайын заңғарлана береді. Тұлғаға айналған адамдар да солай биік көрінеді. Әсіресе, өзін танып, көріп, білген, шәкірт болып, ұстаздың алдын көрген адам үшін тіптен қымбат. Орыс жазушылары Гогольдің шекпенінен, қазақ журналистері Шерхан Мұртазаның шекпенінен шықтық деп айтады. Ал мен академик, қазақтың біртуар ұлы, мінезі кесек, білімі терең, сөзі уәлі, уәдесі берік, жүрегі адал, халқына қалтқысыз қызмет істеген, ұлтжанды бірегей тұлға – Өмірбек Жолдасбековтің аяулы алақанынан шықтым деп есептеймін.



Қазақ ғылымының жұлдызы

Академик Жолдасбековтің жолы оңай жол емес. Ол ұлы Абай бабамыз айтқан жолымен жүрді. «Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді», – дейді Абай отыз сегізінші сөзінде.

Қазақ мемлекеттік университетінің дайындық бөлімінде бір жыл оқып, қолданбалы Математика факультетіне оқуға түскенде Өмекең жалт-жұлт еткен бұйра шаштары толқындап тұратын, мысы биік жігіт ағасы екен.

Жастығына қарамастан, Қазақстан білімі мен ғылымына атағы шығып үлгерген ректордың биік тұлғасы маған ерекше әсер етті. Ал ректорлық қызмет біздер үшін Алатау секілді биік әрі сұсты көрінетін.

Өмекең ҚазМУ-дың 16 жыл ректоры болды. Туа біткен талант, бойдағы қуат, жүректегі намыс оты мен кесек мінез оны биікке де, даңққа да жеткізді.

Оны арман алға жетеледі. Өмекең Шымкент қаласындағы Спатаев атындағы орта мектепті алтын медальмен бітірді. Көп оқыды, көп тоқыды. Оған Абай ілімі ерекше әсер етті. Ғылым білім туралы өлеңдерін жаттап өсті.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне құлық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап...

Хакім Абайдың осы бір өлең жолдары қырда өсіп, енді Мәскеу асып бара жатқан Өмірбек Жолдасбековке аманаттай көрініп еді.

Мәскеу оның үстіне М.Ломоносов атындағы университетке түсу оңай ма?! Білімі мен білігі арқасында бірден Механика-математика факультетіне оқуға түсті. Осы кезеңдерде М.Ломоносов туралы көп мақала оқыды. Білмекке құмарлық жас студенттің ой-толғамын, берік көзқарасын қалыптастырды.

М.Ломоносовтың: «Өте сақ әрі танымпаз геометриямен жақындас... Бірақ нақты және қиюы қиын механикамен кеңес, сол арқылы сезімтал оптикамен сырлас», – деген сөзі өзіне арналғандай әсер етті.

Бұл беймәлім, таңсық әлем Өмірбек Жолдасбековті әрі таңғалдырды әрі қызықтырды. Санасында Галилей, Коперник секілді ғалымдардың ғылыми ерлігі менмұндалап тұрды.

Арман алдамапты. Уақытын бос жібермей, Мәскеудің қызыл-жасыл өміріне қызықпай оқыды, білімін шыңдауға тырысты.

Өмекең Шымкентте Спатаев атындағы мектепте оқып жүргенде Мая Бағызбаева деген қызбен таныс болады. Екі жастың бір-біріне деген махаббаты оянады. Оның қиын тағдыры бар екен. Әкесі Мұхамедәлі Оңтүстік Қазақстан облыстық Партия комитетінің Ауыл шаруашылығы бөлімін басқарады. Бірақ 1937 жылы репрессияға ұшырайды. Анасы Сұлухан Қарлагқа жіберіледі. Ал Мая болса балалар үйінде тәрбиеленеді. Тек соғыс аяқталғаннан кейін ғана анасы мен қызы қайта қауышады. Құзырлы органдардың қадағалауында болады. Білімге құмар Мая Бағызбаева Ленинград қаласындағы университетке оқуға түседі. Өмекең МГУ-де оқып жүріп, университеттің ректоры И.Петровскийге кіріп, көмек сұрайды. Осылай Мая Бағызбаеваны МГУ-ге ауыстырып алады. Кейін ол қазақ филологиясына ерекше үлес қосқан ғалым болды. Филология ғылымдарының докторы, профессор атанды.

Жатақханадағы студенттік тойға ректор И.Петровскийдің өзі келіп, екі жасты құттықтайды. Мүмкін Өмекеңнің дарқандығы мен кеңдігі, жастарға қамқор болатын қасиеті МГУ ректорынан дарыған шығар. Оның маған да ұстаздық танытып, ғылымға баулығаны осындай өмір көргенінен болар деп ойлаймын.

Талапты әрі ғылымға құмар, қағілез, қазақ жігіті, атақты ғалым, И.Артоболевскийдің көзіне түсті. Ұлы ұстаз бүркіт сияқты. Ол қыран болар балапанды ерте байқайды, қанатын қатайтады, ерте баптайды.

Өмірдің өз таңдауы мен өз жолы бар. Өмірбек Жолдасбеков атақты университетті үздіктердің қатарында бітіріп, туған жері Шымкентке келіп, осындағы Қазақ технология институтының Математика және механика кафедрасында оқытушылық қызмет атқара бастады.

Бір күні ұстазы, академик И.Артоболевскийден мынадай хат келеді: «Шәкіртім Өмірбек Арысланұлы, өзің өте жақсы көретін М.Ломоносовтың мына бір сөзін қаперіңе салғым келеді. «Честь Российского народа требует, чтобы показать способность и остроту его в науках». Ұлы ұстаз айтпақшы, өз халқыңның ғылымына пайда әкелуді ойласаң, кел де аспирантураға оқуға түс».

Бұл хат Өмекеңді қатты ойландырады және нақты шешім қабылдауына әсер етеді. Ол нар тәуекел деп Мәскеуге аттанды. Аспирантураға түсті. Үйреншікті аудиториялар, кітапханалар, зертханалар... Осылай, зор абыроймен кандидаттық диссертациясын қорғады. Кейін ғылым докторы атанды. Еліміздегі мехнизмдер мен машиналар теориясы мектебін салу жолы басталды.

Әсем Алматыдағы Қазақ политехникалық институтында доцент, кафедра меңгерушісі, проректор болды. 35 жасында мемлекетімізде «Механизм, машина және автоматика теориясының маманы» деп аталатын аспирантура ашты. Өзі де ғылыми-техникалық, инженерлік ғылымның қалыптасуына ерекше үлес қосты. Ұстаздары, академиктер И.Артоболевский, А.Ишлинскийдің ғылыми мектебін одан әрі жалғастырды және дамытты.

Жоғары дәрежелі механизм теориясы аясында көптеген ғылыми жаңалық ашты. Жүк көтергіш машиналар туралы ғылыми еңбегін сол замандағы Югославияның «Мега-18 новемби» фирмасы, ал ВШ-8 көтергішін АҚШ-тың Хоуп Индастрис фирмасы сатып алды. Сондай-ақ 1960 градус ыстықта болат қорыта алатын конверторда жұмыс істеуге лайықталған манипулятор шетелдік патентке ие болды. Бұл сол кезеңдегі ірі ғылыми жаңалық болатын. Осылай, қазақ ғалымының аты әлемге танылды.

Халықаралық және Ресей инженерлік академиясының президенті Борис Гусев Өмекеңді «Шығыстың ХХ ғасырдың басындағы әл-Фарабиі» деп бағалағаны тегіннен тегін емес қой.

Өмірбек Жолдасбековтің жарқын да жарық жолы ойдағыдай жалғасты. С.Киров атындағы мемлекеттік университеттің ректоры болып бекіді. Мемлекеттік университеттің даңқы дүр етіп көтерілді. Шындығын айтсақ, ректорлық қызмет Ө.Жолдасбековті көтерген жоқ қайта Жолдасбеков ректорлық қызметтің абыройын асқақтатты. Ол ең алдымен, кезінде Асқар Закарин көтеріп кеткен ҚазГУ қалашығын салу жөніндегі қаулыны тауып алып, оны төрт ай ішінде қайта жаңғыртты. Сол 1970 жылдың желтоқсан айында Үкіметтің қаулысын шығартып, ҚазГУ қалашығы үшін 70 гектар жер телімін бөлдіріп алды. Оның 10 гектары Ботаникалық бақ пен «Весновка» өзені арасындағы жер телімі болатын.

Өмірбек Арысланұлы ұлы құрылыстың басы-қасында өзі жүрді. Күн демей, түн демей құрылыс барысын қадағалап отырды. Құрылысшылармен сөйлескенде оларды баурап алатын, әдемі қазақы қалжыңы Өмекеңе ғана жарасатын. Адами мінезге толы осы бір кездесулер құрылысшыларды көңілдендіріп жіберетін. Он жыл ішінде бірнеше жатақхана, биология, география және қоғамдық факультеттердің ғимараттары, 400 пәтерлік тұрғын үй, балабақша салынды. Бұл академик Ө.Жолдасбековтің даңқын шығарған, қуанышқа бөлеген сындарлы жылдар болды.

ҚазМУ десе ҚазМУ-ге айналды. Сырты қоршалды. Сол кездері Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.Қонаев пен Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы К.Аухадиев сынды ұлт қайраткерлері студенттер қалашығы құрылысының сәтті басталуына және аяқталуына ерекше қамқорлық жасады.

Ректор Ө.Жолдасбеков ҚазМУ-ды М.Ломоносов атындағы университеттің шағын көшірмесіне айналдырды десем артық айтпаспын. Өйткені студент жастар бір жерде оқып қана қоймай, ғылыммен айналысуға да мүмкіндік алды.

Университет оқытушыларының сандық және сапалық құрамы өзгергенін зор мақтанышпен айта аламын. 1971 жылы университетте 52 ғана ғылым докторы мен 309 ғылым кандидаты жұмыс істесе, 15 жылдан соң мұнда 30 академик, 200 ғылым докторы, 700-ден астам ғылым кандидаты жұмыс істеді. Студенттер саны да өсті. Осы кезеңде ҚазМУ студенттерінің саны Ұлыбританияның атақты Оксфорд, Кембридж, АҚШ-тың Гарвард сынды университеттерімен пара-пар деңгейге көтерілді.

ҚазМУ-де қолданбалы Математика факультетінің беделі артты. Өмекең болашақ даму ғылым мен техника саласында екенін жақсы білді. Осы кезеңде өзінің үлкен ғылыми мектебін құрды. Өзі 24 ғылым докторы мен 90-нан астам ғылым кандидатына жетекші болды.

Ғылымдағы және қоғамдық қызметтегі жоғары табысы үшін Өмекең Ұлттық ғылым академиясының академигі болып сайланды, Мемлекеттік сыйлықпен марапатталды. Ол 400-ден астам ғылыми еңбектің авторы болды. 18 монография мен 30 оқу құралын жазды. Бұл Өмекеңнің еңбекқорлық, ұйымдастырушылық қасиеттерін аша түсті.

...Бірде Өмірбек Арысланұлы Швеция Корольдігінен шақыру алды. Сонда барып, дәріс оқыды. Ал Швеция инженерлік академиясының құрылғанына сол кезде 100 жыл болған екен. Бұл ұйымның құрылымдық, мақсат-мүдделерін зерттей келіп, Өмекең Алматыға тастүйін пікірмен оралды.

– Қазақстанның жеке инженерлік академиясы – болашақ инженерлік кадрлардың алтын ұясы болады, – деді ол. Заман талабы соған алып келеді. Ғылым мен техникасы дамымаған елдің экономикалық әлеуеті де дамымайды. Қазір бәрі ақиқатқа айналды. Қазақстанның Ұлттық Инженерлік академиясы құрылды. Оның бірінші президенті – академик Өмірбек Жолдасбеков. Біз дана ғалымның, дара ғалымның ізбасарларымыз.

1986 жылғы студент жастардың көтерілісі Өмірбек Арысланұлын да айналып өткен жоқ. Бұл оқиғадан алты ай бұрын ол қызметінен кеткен болатын. Әртүрлі айып тағылды. Бірде-бірі дәлелденбеді. Өкінішке қарай, Желтоқсан оқиғасын сылтау етіп, Мәскеу саясаты Өмірбек Арысланұлын құдалады, партиядан шығарды.

«Аққа құдай жақ» дегендей, 1990 жылы Өмірбек Арысланұлы XII шақырылған Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланды. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі туралы декларацияны қолдап, дауыс берді. Кейін I шақырылған Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайланды. Комитет төрағасы болды. Мемлекет және қоғам қайраткері ретінде білім мен ғылым саласының, әдебиеті мен мәдениетінің, халықтың әлеуметтік жағынан қорғау бағытындағы заңдардың қабылдануына ерекше еңбек сіңірді.

...Өмекең өмірден өтті. Бірақ санадан өшпес із қалдырды. Оның ізгілік жолдары сайрап жатыр. Жолдасбеков жолы жас, талантты қыз-жігіттерге үлгі болып қалды.

Мемлекетіміздің басшысы Қ.Тоқаев техника, инженер кадрларын дайындаудың жаңа концепциясын ұсынды. Шетелдік айтулы техникалық жоғары оқу орындарының филиалдары ашылып, жұмыс істей бастады. Сондай-ақ техникалық мамандықтар бойынша қомақты гранттар бөлініп жатыр.

Өмекең дегенде ҚазҰУ, ҚазҰУ дегенде Өмекең еске түседі. Қазақтың заңғар ұлы Д.Қонаев: «ҚазМУ қалашығын салу үшін Өмірбек Жолдасбековтей тегеурінді, мықты ректор керек болды. Ол баяғының батырларындай ҚазМУ қалашығын салуға түн ұйқысын төрт бөлді. Ол қазақ білімі мен ғылымының болашағын қалыптастырды», – дегені естен кетер ме?!

Қазақстан Республикасы Министрлер кеңесінің төрағасы Байкен Әшімов:

– Бұл күндері Алматы қаласының Қазақ мемлекеттік университетінің қалашығын салу осы оқу орнының ректоры Өмірбек бауырымның да ерекше қарім-қабілетін, ұйымдастырушылық шеберлігін және істің көзін таба білетін басшы ретінде танылуына өз әсерін тигізді. Біздің елімізде тұңғыш рет Ұлттық Инженерлік академияның ашылуы да ірі ғалым Ө.Жолдасбеков есімімен тығыз байлынысты. Бұл ғылымымыздың дамуына жаңа заман талабымен қосылған үлес екені даусыз, – дегенінде қаншама сенім мен құрмет жатыр.

– Ол өте кең, парасаты мен санасы биік, шығармашылық адамдарын құрметтейтін және не нәрсе айтса да құйындатып, от болып лаулап, жанып кететін, – дейтін белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Жекен Қалиұлы.

– Өмекең екеуміз Жоғары Кеңестің XII шақырылымының депутаты болдық. Жоғары Кеңестің құзыреті де, Өмекеңнің беделі де өте жоғары еді. Министрлер есігінің алдында қаздай болып тізіліп тұратын. Ал мемлекеттің Тәуелсіздік туралы декларациясын қабылдау кезінде, «кімде-кім бабалар аңсаған бұл декларацияны қолдамаса, ол халық сайлаған депутат деп есептемеймін», – деп айтқан болатын. Декларация қабылданғанда оның кабинеті той дастарқан болып кеткені әлі көз алдымда.

Қытайдың ұлы ойшылы Конфуций: «Өткенге қарап, жаңалық жасай алатын адам ұстаз деген атаққа лайықты... Өзінен бұрынғыларға көрсетілген құрмет өзінен кейінгі ұрпақ арқасында жаңғырады», – деген екен. Расында да, дүниеден озғанына 25 жыл өтсе де, Өмекеңнің есімі шәкірттерінің есінен әлі де кеткен емес. Шәкірттері мақалалар жазады, замандастары еске алады.

Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойы қарсаңында ұлы ұстаз жайлы толғамымның бір сыры осында.

Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Механика және машинатану институты академик Ө.Жолдасбековтің атымен аталады. Ұлттық университеттің Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайының алдына атақты ғалым ағамызға арнап ескерткіш қойдым. Бұл – академик Ө.Жолдасбековке деген құрметім мен ізгі ниетімнен туындаған еді. Замандасы классик-жазушы, Қазақстанның Еңбек Ері Әбіш Кекілбаевтың:

– Қырау қабақ Талғар мен найзағай шыңы – Найзақараны аңғармау қандай мүмкін болмаса, XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ зиялыларының арасынан Өмекеңдей көксеңгірді жыға танымау, таусыла таң қалмау, айрықша бағаламау, қолдан келмейтін кеудемсоқтық болар еді. ...Талай ғасыр есесі кетіп, тауы шағылған қазақ руханиятының таланты мен тау жыға алған тарланы еді. Қазақ рухының нағыз Геркулесі еді, – деген жүрекжарды сөзі әр қазақтың санасында сақталып қалды.

...Атақты И.Ньютон айтқан екен: «Егер мен біреулерден гөрі, алыстағыны көрсем, ол менің ұлы алпауыттардың иығында тұрып алысты көргенімнен». Бұл сөздер академик Ө.Жолдасбековтің өмір принциптеріне өте сәйкес келеді. Ол СССР ғылым академиясының академиктері И.Артоболевсикй, Е.Велихов, Л.Седов, Г.Черный, А.Ишлинский, О.Белоцерковский, И.Образцов, Х.Рахматулин тағы да басқа ұстаздарының ғылыми мектебі арқылы осындай атақ пен биікке көтерілгенін айтып отыратын. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген осы шығар.

Жұлдыздар биікте жанады, арманды өсіреді, жас ұрпақты биікке қол создырады.

Жаңа Қазақстанның талғампаз ұл-қыздары Ө.Жолдасбеков сынды қазақ ғылымының жұлдызына айналған биік тұлғаға қарап, ой да, бой да түзейді.

Өмірбек Арысланұлы ұлы құрылыстың басы-қасында өзі жүрді. Күн демей, түн демей құрылыс барысын қадағалап отырды. Құрылысшылармен сөйлескенде оларды баурап алатын, әдемі қазақы қалжыңы Өмекеңе ғана жарасатын. Адами мінезге толы осы бір кездесулер құрылысшыларды көңілдендіріп жіберетін. Он жыл ішінде бірнеше жатақхана, биология, география және қоғамдық факультеттердің ғимараттары, 400 пәтерлік тұрғын үй, балабақша салынды.

Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ,
ҰИА Президенті,
Ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

ҰЛТТЫҚ СПОРТ – ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ

Күні кеше Еуразияның апайтөс даласын ат тұяғының дүбіріне бөлеген, Алтай мен Атыраудың арасындағы жазиралы өлкеде теңдік пен татулықты, елдік пен еркіндікті ту етіп ұстаған, «бастаса қолдың көсемі, сөйлесе сөздің шешені» болған бабаларымыздың бүгінге жеткен асыл мұралары аз емес. Оны жалпылама – ұлттық құндылықтар дейміз. Осы ретте ұлттық ойындарымыздың орны бөлек. Біз осы мақаламызда ұлттық спорттың ұлтымыз үшін қандай маңызға ие екендігі жайлы сөз қозғауға бел будық.

Жасырары жоқ, соңғы уақытта ел билігінің ұлттық спортты дамытуға, ұлттық кодымызды жаңғыртуға деген ерен құлшынысы байқалады. Халықаралық деңгейде, өнір-өнірде ұлттық спорт түрлерінен өтіп жатқан жарыстар, аламандар соның айқын көрінісі. Мемлекет басшысы бұған айрықша назар аударып, Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы қайта түледі. V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізуге берген Қазақстанның өтінімін былтыр қыркүйек айында Бүкіләлемдік этноспорт конфедерациясы бірауыздан қолдағаны, сонымен қатар Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының Бүкіләлемдік этноспорт конфедерациясына ресми мүше болуы жемісті атқарған жұмыстар нәтижесі болса керек. Көкпар, жамбы ату, аударыспақ, теңге ілу, бәйге, құсбегілік, дәстүрлі садақ ату, тоғызқұмалақ, асық ату және арқан тартыс секілді ұлттық спорт түрлерінің федерациялары қауымдастық аясына біріктірілгені де, федерация басшыларының шетінен «сен тұр, мен атайын» дейтін ел алдында беделді кәсіп иелері болуы да қауымдастықтың қадамын нықтап, өрісін кеңітіп отыр. Сонымен, ұлттық спортты дамыту, ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту бізге не береді?

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТҚА АЙНАЛЫП КЕЛЕДІ

Ұлттық ойындар – өскелең ұрпақты үйлесімді тәрбиелеудің ажырамас бөлігі. Қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаев ұлттық ойындарды «халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтырудың негізгі элементі» деп тұжырымдаған екен. Бүгінде ұлттық спорт түрлері бұқаралық сипатқа айналып келеді. Статистикаға сүйенсек, ұлттық спорт түрлерімен жүйелі түрде айналысатындардың саны 2019 жылы 399,3 мың адамнан 2020 жылы 432,4 мың адамға дейін өскен. Ал 2022 жылы ұлттық спорт түрлерімен жүйелі түрде айналысатын қазақстандықтардың саны 580 мыңнан асқан. Сондай-ақ ұлттық спорт түрлері бойынша үйірмелердің саны 16 555-ке жеткен. Мәселен, асық атудан Қазақстанда 2 237 асық ойыны үйірмесі бар болса, онда 77 мыңнан астам адам ұлттық спортпен шұғылданады. Көрермені бойынша да, қатысушылар саны жағынан да көкпар – көш басындағы ұлттық спорт түрінің бірі. Елімізде 78 мыңнан астам адам көкпар спортымен айналысса, оларды жаттықтырып, шеберліктерін шыңдайтын 916 үйірме бар. Ал қазақ күресіне қатысушылар саны мен жанкүйерлері бойынша алдыңғы қатардан көрініп, бүгінде еліміз бойынша 4 427 қазақ күресі үйірмесі жұмыс істейді. Онда 159 мыңға жуық адам осы спорт түрімен жүйелі түрде шұғылданады. Елімізде ұлттық спорт түрлерінің ішіндегі ең танымалы – тоғызқұмалақ. Адамның ойлау қабілетін дамытып, тапқырлыққа тәрбиелейтін зияткерлік ойын жас ерекшелігіне қарамастан жалпыға қолжетімді. Қазақстанда 6 856 тоғызқұмалақ ойыны үйірмесі бар. Оған 207 мыңға жуық адам тұрақты түрде қатысады. Демек, ұлттық спортпен айналысатындар жылдан жылға көбейіп келеді деген сөз.

ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫНА БАСТАР ЖОЛ

Бүгінгі жаһандану заманында әрбір ұлттың өзіндік бет-бейнесін айшықтайтын бірден-бір жолы – ұлттық қадір-қасиеті мен әдет-ғұрпы. Осы ретте ұлттық ойындардың ықпалы ерекше екені даусыз. Бірқатар мемлекеттер ұлттық спорт пен ұлттық ойындарына аса мән беріп, жақсы қаржыландырады. Жапонияның сумосын, Қытайдың у-шуын, Кореяның таеквондосын білмейтін адам кем де кем. Олар ұлттық ойындарын әлемдік дәрежеге дейін көтеріп алды. Ресми ақпарат көздерінің дерегіне жүгінсек, бұл елдерде ұлттық спорт түрлері мен мұраларына арнайы қаражат бөліп және оны басқаратын әрі бақылайтын орындар бар. Тіпті, мыңжылдықтардан бері жалғасқан ұлттық ойындарын бүгінгі күнге дейін жеткізді. Мәселен, корейлерде «Ссирым» атты ұлттық күресінің пайда болғанына 1 500 жыл толған. Дегенмен ұлттық ойындарын ұмытпаған корейлер оны насихаттау мақсатында спорттың бұл түрін мектеп бағдарламасына да енгізіп қойыпты. Сондай-ақ өзге жұрттар ұлттық ойындарын туристерді тартатын ең мықты жарнама ретінде қарастырады. Мәселен, испан корридасы және фламенконымен әлемге танымал екенін, сол арқылы туризмін дамытқанын білеміз. Осынау ойын түрін көру үшін әлемнің түкпір-түкпірінен туристер ағылып, Испанияның ұлттық ойынын тамашалайды. Бүгінде Испанияның ішкі жалпы өнімінің 70 пайызын туризм саласына жататын қызмет көрсету секторы беріп отыр. Сол секілді жұмыс істеуге қабілетті жастағы испандықтардың 72 пайызы туризм саласында. Шетелдік туристердің келуі тұрғысынан Испания әлем мемлекеттерінің үздік үштігіне кіреді, ал Еуропада біріншілікті Франциямен ғана бөліседі. Испанияның Индустрия және туризм министрі Жорди Хереу 2023 жылы елге келген турист санының 84 миллионнан асқанын айтты. Бұл – қазірге дейінгі ең жоғары көрсеткіш. Деректерге қарағанда, елге келген турист саны 2019 жылы 83,5 миллион болса, 2023 жылы 84 миллион турист келіп, туризм табысының көлемі 108 миллиард евродан асқан.

Көнеден тартқан тарихынан сыр шертетін біздің ұлттық ойындарымыз өзге елдікінен еш кем емес. Мәселен, бір ғана бүркітші қыз Айшолпан Нұрғайып – қазақты әлемге танытқан тарихтағы ең жас бүркітші ретінде танымал. Атақты американдық режиссер Отто Белл түсірген Айшолпан туралы «Бүркітші қыз» (The Eagle Huntress) фильмінен соң, Моңғолиядағы этникалық қазақтардың дәстүрін тамашалауға әлемнің 31 мемлекетінен туристер ағылған. Еуропа елдері мен АҚШ-тың бірнеше басылымдары арнайы мақала жариялап, қазақтың бүркітшілік өнері мен Айшолпанның батылдығына таңғалысқан. Сонымен қатар өзге де ұлттық ойындарымыз туристердің ерекше ықыласын оятатынына сеніміміз мол. Бұл ретте осы жылы елімізде өткізілетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны біз үшін таптырмас мүмкіндік екенін есте ұстаған жөн. Мәселен, 2014 жылы бұл жарысқа 19 мемлекеттен 583 спортшы, 2022 жылы Түркияда өткен ойындарға 102 мемлекеттен 3 000 спортшы қатысқан. Ал биылғы елімізде өтетін шараға әлемнің 100-ден аса елінен 3 000-нан аса спортшы, 15 мыңға жуық шетелдік турист келеді деген болжам бар. Бұл дегеніміз – бір жағы ұлттық ойындарымыз насихатталса, екінші жағынан туристердің қазақтың этно-мәдени тұрмысымен, ұлттық ойындарымен танысуға мүмкіндік алады деген сөз.

ҰЛТТЫҚ КОДЫМЫЗДЫ ЖАҢҒЫРТАДЫ

Ұлттық ойындарымыздың шығу тарихын білу мақсатында журналист, этнограф Бекен Қайратұлымен байланысқа шықтық. Этнограф біздегі ұлттық ойындардың дені жауынгерлік жаттығулардан тұратынын атап өтті. «Қазіргі ұлттық спорт түрлерін, меніңше, ұлттық сайыс және ұлттық ойын деп екіге бөліп ажыратып алуымыз қажет. Мәселен, ұлттық ойындарға асық ату секілді ойындар жатады. Бұл жас жеткіншектерді спортқа баулудан бұрын ұлттық сайыстарға дайындау мақсатындағы машықтар десек болады. Ал ұлттық сайыстарға келетін болсақ, ол – жауынгерлік жаттығулар. Бұрын құдайдың құтты күні соғыс бола бермейтін. Бірақ ел басына күн туғанда ерлеріміз сол күнге дайын болуы керек болған. «Жау жоқ деме, жар астында» деген сөз содан қалса керек. Осы ретте ұлттық сайыстардың рөлі зор болған. Яғни, бейбіт заманда жасалған әскери машық десек болады. Мәселен, көкпар ойыны. Көкпар ойынында атқа мінуді үйретумен қатар, әскери машықты үйретеді. Айталық, қырғын шайқас кезінде жараланған жолдасын жау қолына тастап кетпес үшін оның денесін жерден іліп алып, майдан ортасынан алып шығу керек. Ал бұл көкпар тартып машықтанған сарбаз үшін қиынға соқпайды. Аударыспақ ат үстінде жауды өңгеріп тастау үшін қажет болса, теңге ілу де қазақ халқының көне ойындарының бірі. Жігіттер осы ойын арқылы соғыс кезінде әскери дайындықтан өтуіне ықпал еткен, аттың үстінде шауып келе жатып, жердегі қару-жарақ және тағы басқа заттарды іліп әкетіп отырған. Ойын негізінен ептілікке, батылдыққа, ат үстінде дұрыс отыруға, жылдамдыққа үйретеді. Біздегі бүгінгі бәйге деп жүргеніміз де соғысқа дайындықтың бір түрі. Бәйге аты сайыс атына жарамайтын болған. Екі аттың мүмкіншіліктері екі бөлек. Қазақ жорға аттарды алыс қашықтықтағы жорықтарға дайындаған. Жорықтар 200-300 шақырымға дейін созылған. Ұшқыр аттардың да өз орны бар. Жаудың зеңбіректері атылып болғанша ерекше жылдамдығымен көзге түсетін аттар – осы аттар. Міне осылайша, жақын қашықтыққа, алыс қашықтыққа жүйріктерді анықтау мақсатында бәйгелерді ұйымдастырған. Жылқының мүмкіндігін зерттеген. Жамбы ату да қазақ халқының бағзы заманнан бері серік еткен дәстүрлі спорт түрі. Кезінде жебе жарыстыратын жарыстар арқылы әрбір қашықтықтағы садақ ату шеберлерін жинап, жауынгерлер шебін жасақтаған. Қазақта ең құрметті адам – мерген болған. Мысалы, кезінде Иранның патшасы қызын ұзатпақ болғанда байға бермей, батырға бермей, мергенге ұзатқан. Мерген деген – ойлау жүйесі, көзқарасы қалыптасқан, көзі алысты көретін сұңғыла жан. Кез келген адам мерген бола бермейді.

Демек, қазір қанымызға сіңген машықтарды жаңғырту арқылы біз ұлттық генеалогиямызды оятамыз, рухымызды тірілтеміз. Санамызды бөгде ақпараттардан сақтаймыз. Мемлекет басшысы биыл бесінші Көшпенділер ойынын өткізуді қолға алып отыр. Мұның артында ұлтымыздың мәдениетін дәріптеу, төл өнерін таныту секілді мақсаттар жатыр», – дейді этнограф.

Бекен Қайратұлы асық туралы да құнды ақпаратымен бөлісті. «Жуырда Моңғолия жерінен археологтер 2 мың жыл бұрынғы ғұндар дәуіріне жататын асықтарды тапты. Ол жерден 20-30 шақты асық шықты. Әрбір асықта ру таңбалары бедерленген. Соның ішінде төрт үлкен асықта ғұндардың төрт үлкен ру таңбасы бар. Ал ол таңбалар Шыңғыс ханның таңбаларымен сәйкес келеді. Демек, Шыңғыс хан барлық әскери жүйе, құрылымдарды, ғұн дәуірінен қалған мәртебелерді көшіріп алынғаны нақтыланып жатыр», – дейді ол. Осы асық ату ойыны турасында бізге мәдениеттанушы Зира Наурызбаева да ерекше мәлімет айтты.

«Асықтар тарихына келер болсақ, сонау алғашқы адамдар да асық жинағаны жайлы деректер бар. Таласбек Әсемқұловтың айтуынша, асықты бүгінгідей балалар ғана емес, ересек адамдар соның ішінде төрелер, хан-сұлтандар, батырлар ойнаған. Соның бірі – тәртікем ойыны. Оның ендігі бір атауы – «Төрт тарап, жеті ықылым, қырық тақта». Ертеректе ол Шыңғыс ханның кіндігінен тараған текті тұқым төре ұрпақтарының соғыс ойыны саналған. Кем дегенде 200 мыңға дейін, одан асса 500 мың асықпен ойналған. Тәртікем ойыны аумағы ат шаптырым, айнадай жарқыраған ақ тақырда өткізілген. Ойынға ат үстінде де, жаяу жүріп те қатысуға болады екен. Қолбасшылар мен сардарлар кейде асықтарды өздері атса, кейде бұған арнайы көмекшілері араласқан. Асықтардың түсіне қарай олардың дәрежесі анықталған. Қырық телімге сызбаланған ойын алаңының қақ ортасында «Бақ» деп аталатын қала орналасады. Ойынға қатысатын тараптар осы қалаға иелік ету үшін жан алысып, жан беріскен тартысқа түсетін болған. Бұл арада асықтар әскердің қызметін атқарып, өз ішінде жаушы, жауынгер, қолбасшы, сатқынға бөлінеді. Бұл ойынның астары белгілі бір оқиғаға, жөн-жосыққа негізделгендіктен, соғыс тағдыры алдын ала шешіліп қойылатын болған», – дейді ол.

Сонымен қатар ата-бабаларымыз қойдың құмалағынан да ойынның сан түрін ойлап тапқан. Тоғызқұмалақ ойыны осыдан қалса керек. Археолог-ғалымдардың пайымдауынша, оның пайда болу мерзімі төрт мың жыл шамасын қамтиды екен. Жас ұрпақтың дене шынықтыру тәрбиесімен қатар, ақыл-ойының дамуына да ерекше мән берген бабаларымыз тоғызқұмалақты ойлап тауып, оны зияткерлікті дамыту құралы ретінде қолданған. Бүгінгі күні ұлттық ойынның бұл түрі де жанданып келеді. Оған халықаралық деңгейде де қызығушылық артып келеді. Мәселен, бұл ойынға шетелдегі қазақтар ғана емес, Англия, Германия, Испания, Ресей, АҚШ сияқты мемлекеттер халқы да қызығушылық танытуда. Біздіңше, бұл ұлттық ойынымыздың маңыздылығын көрсетеді. Осы тұста айта кетерлігі, тоғызқұмалақ ойыны Лондон және Чехия елдерінде өткен зияткерлік олимпиаданың бағдарламасына еніп те үлгеріпті.

Ендеше қандай ойын түрі болмасын, оның шығу тарихы тереңде екенін, бұл ойын түрлерімен ойнаған адамның санасы тез дамып, ойы ұшқыр, алғыр болатынын байқадық. Бүгінде сонау көне тарихы бар бұл ойын түрлері жаңа заманның талабына сай өзгеріп, дамып жатқанына қуанбау мүмкін емес.

TURKTIME ҺӘМ ТҮРКІ БІРЛІГІНІҢ АЙНАСЫ

Бүгінде түрлі жерде түтінін түтетіп, елдігін түлетіп отырған түркілер Қазақстанға келген сәтте «Атажұртқа келдік» дейтіні жасырын емес. Түркістанды түркі әлемінің бесігі, рухани астанасы санайтыны тағы бар. Бұл жай ғана жасанды, жалынды сөз емес. Түркілердің Алтайдан тарағаны рас. Қазір түркілердің бірлігіне айрықша көңіл бөлініп, Түркі мемлекеттері ұйымы, ТҮРКПА, Түркі академиясы, ТҮРКСОЙ және өзге де ұйымдар жұмыс істейді. Мұның ішінде жалпы түркіге ортақ көшпенділер ойыны да түбі бір түркілер үшін достықтың, ынтымақтастықтың бір кепілі сынды. Қазір түркі елдерінің басын қосатын ең үлкен ұйым, ол осы Түркі мемлекеттері ұйымы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының 10-шы саммитінде негізгі баяндамасын жасап, «Түркі дәуірі» (TURKTIME) деген ұранды ерекше атады. «Осыған орай, салт-дәстүр (Traditions), біртектілік (Unification), реформалар (Reforms), ғылым (Knowledge), сенім (Trust), инвестиция (Investments), медиация (Mediation) және энергия (Energy)» атты сегіз мәселеге басымдық береміз. Бұл басымдықтар ұйымның 20-шы саммитіне дейінгі он жылды қамтитын қысқа және орта мерзімге арналған. Шын мәнінде, түркі бірлігін дәріптеудің маңызы өте зор. Біздің тарихымыз, мәдениетіміз, тіліміз және діліміз – ортақ. Осыған байланысты Түркі мемлекеттері ұйымының, оның құрылымдарының туларын және эмблемаларын бір үлгіге келтірген жөн. Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымын одан әрі дамытуға мүдделі. Түркі ықпалдастығын тереңдету – ортақ мұрат. Біз «Түркі әлемі» атты жаңа брендті дәріптеуіміз керек. Сонда ғана түркі халықтарының ынтымағы барынша нығайып, әлеуеті арта түседі», – деген еді Мемлекет басшысы.

> *Статистикаға сүйенсек, ұлттық спорт түрлерімен жүйелі түрде айналысатындардың саны 2019 жылы 399,3 мың адамнан 2020 жылы 432,4 мың адамға дейін өскен. Ал 2022 жылы ұлттық спорт түрлерімен жүйелі түрде айналысатын қазақстандықтардың саны 580 мыңнан асқан. Сондай-ақ ұлттық спорт түрлері бойынша үйірмелердің саны 16 555-ке жеткен.*

Осы ретте биыл елімізде өтетін бесінші Көшпенділер ойыны осы бірлігімізді бекемдей түсуге, ынтымағымызды нығайта түсуге сеп болары анық. Тарихы мен түбі ортақ түркі халықтары үшін мұның да маңызы айрықша болмақ.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР – ЕЛІМІЗДІҢ БРЕНДІ

«Алты күн аш қалсаң да, атыңды сайла» деген тұщымды ой айтып, ұшқыр қиялды қанат еткен қазақ халқы тарихи керуен жолдарын тұлпар тұяғымен тоздырған. Содан болса керек, біздің ұлттық ойындарымыздың дені – ат спортына қатысты. Ежелгі Ботай қонысында жылқының алғаш қолға үйретілгені жөніндегі деректер біздің көнеден бергі тіршілігіміз атпен байланысты екенін дәлелдесе керек-ті. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі болды. Танымал ақын Тыныштықбек Әбдікәкім «Сөзтанымда «Атқа міну мәдениетінің» де өз пәлсапасы бар. Ол ғылым «Адам – сөйлескенше, жылқы – кісінескенше», «Жылқыға бас білдіру», «Қазақ – жылқымінезді» секілді рухани сансыз формулалардан басталып береді. Олар өз кезегінде, Адамдық Рух пен сананың «кентаврлық» (жартылай адам – жартылай жылқы) сипатын да тамаша ашып береді. Ол да – Адамтанудың сыры ашылмай жатқан ежелгі бір концепциясы», – дейді. Содан болса керек, аламан бәйгелер мен жарыстарда қазақтың өзгеден бәсі жоғары. Бұған кешегі әйгілі шабандоз, әлемге танылған жерлесіміз Бауыржан Мырзабаев, жылдамдығымен дүйім жұртты аузына қаратқан қазақстандық Кабирхан жылқысы дәлел. Ән әлемінде Димаш Құдайбергенов қалай дүйім жұртқа танымал болса, ұлттық спортта да осындай жұлдыздар әлі де шығуы ғажап емес. Еліміздің ұлттық брэндіне айналмасына кім кепіл? Жоғарыда бүркітші қыз Айшолпан туралы айттық. Айшолпанның ізін басқан сіңлілері де аз емес. Мәселен, Аяжан Данияр-



қызының көпшілікті тәнті етер көркі ғана емес, құсбегілікпен айналысқан ерлігіне де таң жұрттар жетерлік. Ол өзінің құсбегілікпен айналысып жүргеніне шамамен 2 жылдай болғанын айтады.

«Басында Сұлтансері этно-өнер орталығы әлеуметтік желілерге жариялаған садақшы қыздар кастингі бойынша келген болатынмын, сонда ұстазым Сұлтансері Бекетұлының құстармен айналысып жүргенін көріп, басында қолғабыс болып, кейіннен осы жолды таңдауға бел будым. Өзім кішкентайымнан жануарларды жақсы көретіндіктен болар, бүркіттерге тез бауыр бастым. Құсбегі мен олардың қырандарының арасындағы байланыс үрейге емес, өзара сыйластық пен сенімге негізделген деп санаймын. Ол қыран құстың болмысын түсіну, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр аясында терең достық пен ынтымақтастыққа тәрбиелеу болып табылады. Бүркіт аңшы серігі ғана емес, ортақ тарихымыз бен мәдени мұрамыздың символына айналды. Сондықтан мен осы жолды таңдадым. 2023 жылда өткен барлық дерлік турнирлер мен жарыстарға қатысып келе жатырмын, ең алғаш финалға шыққан жарысым Көкшетау қаласында өткен жарыс болды. Бүркітімнің сол жерде ұшқырлығы 2 секундқа қалып қалды. Дегенмен сол жарыстан кейін бағым жанды десем болады. Кейін өткен барлық дерлік жарыстарда ақтық мәреге дейін өтіп жүрдім», – дейді ол.

Демек, ұлттық спорттың ұрпақ тәрбиесіне берер тағылымы зор. Жастарымыз шетелдік әртістерге емес, қазақы танымдағы тарихи мұраларға, ұлттық ойындарға қызығып, ұлтжанды болып тәрбиеленуіне ұлттық спорт ерекше үлес қосып келеді.

Елімізде осындай мақсатты негізге алған «Ұлттық сезім» флешмобы да ұйымдастырылып келеді. Бұл бастаманың мақсаты – мәдени құндылықтарымыз бен салт-дәстүрімізді дәріптеу арқылы халықтың бірлігін нығайту. Флешмобқа қатысушылар бір күн бойы заманауи стильге негізделген ұлттық киімдер киіп, дәстүрлі нақыштағы сәндік бұйымдар тағып жүреді. «Ұлттық сезім» жобасы алғаш рет 2023 жылдың 1 желтоқсанында басталып, кейін жобаны 7 мыңнан астам адам қолдаған болатын. Бұл да болса ұлттық идеолгияның бір үлгісі болса керек.

ТҮЙІН:

Ұлт ойындары – ертеден-ақ жалпы этнографиялық әдет-ғұрыппен бірге дамып, жетіліп, ендігі жерде өз алдына бір бөлек зерттеуді керек ететін қазақ этнографиясының бір бұтағы. Кезінде 1950-60 жылдарда әйгілі футболшы Пелені Бразилия ұлттық құндылық деп жариялап, үстінен құс ұшырмай аялағаны мәлім. Тіпті, адамның өзін ұлттық құндылық деп есептеп, оған айрықша қолдау білдірген мұндай ұлттар аз емес. Бұл ретте тасын түртсең, тарихтан сыр шертетін осынау ұланғайыр даламыздың құндылықтарын дамыту – бізге міндет, болашаққа парыз. Жазушы Антуан де Сент-Экзюпери «Кеме жасау үшін оған алыстан атақты ұсталар мен ағаш шеберлерін шақыртып, құрал-сайман жинаудың қажеті жоқ. Одан да сол кемеге мінетін халықтың мұхитқа деген мәңгілік аңсарын оят. Олар кемені өздері жасап алады» деген екен. Демек, елдің ұлттық құндылықтарға деген ықыласын ояту – ұлт болашағы үшін де маңызын жоймақ емес.

Наурызбек САРША

ТАСҚЫН ҚАУПІ ҚОРҚЫТЫП ТҰР

Батыс Қазақстан облысында 147 елді мекенді су басу қаупі бар. Бұдан бөлек, 49 авто және теміржол учаскелерін су шайып кетуі мүмкін. БҚО ТЖ департаменті бастығының орынбасары Қанат Қарабалаев өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте мәлім еткендей, жауапты адамдар бекітіліп, қажетті техника, құралдар әзірленген.

Әдетте, жыл сайын билік өкілдері су тасқынына дайынбыз деп есеп береді. Естеріңізде болса былтыр, яғни 2023 жылдың көктемінде де БҚО су тасқынына сақадай сай деген болатын. Өкінішке қарай, іс жүзінде олай болмай шықты. Былтыр Орал қаласы мен Бөрлі, Қаратөбе, Шыңғырлау, Сырым, Казталов және Бәйтерек аудандарының кей ауылдарын су басып кеткен болатын. Тіпті, Қаратөбе ауданы бойынша Шалғын ауылы мен Жәнібек ауданындағы Жақсыбай ауылында су басқан үйлер жарамсыз болып қалып, жаңадан үй салды. Бұл былтырғы облыс өзендерінің алаптарында күзгі топырақтың ылғалдануы нормадан 69-133 пайызға артық. Мысалы, Шыңғырлау, 2-Шежін, Деркөл, Шаған, Өлеңті, Шідерті өзендерінде көктемде күтілетін су көлемі нормадан артық болады деп болжануда.

Осылайша, былтырғы жылғы ағын көлемімен салыстыра келе, Шыңғырлау, 2-Шежін, Деркөл, Өлеңті өзендерінде су деңгейі қауіпті шектен асып, сол маңдағы ауылды аумақтарды су басуы ықтимал.

Жалпы, биыл Жайық өзені де көтерілуі мүмкін деген қауіп бар. Онда Жайық жағалауын бойлай орналасқан саяжайлар

қыстың әлегі еді. Ал биылғы су тасқынына БҚО дайын ба?

Биыл аймақта 147 елді мекенді су басу қаупі бар. Ал қаланың өзінде 31 саяжай суға кетуі мүмкін. Осы 31 саяжайдың өзінде 1 300-ден астам адам тұрады. Оның ішінде 322-сі – бала. Негізінен БҚО үшін биылғы көктем су тасқыны қаупін анық сездіріп отыр. Бұл туралы брифингте БҚО әкімі өзі де айтты.

«Қазір тоңның қалыңдығы 30-50 сантиметр аралығында. Оған жер бетіндегі мұздың жамылғысы қосылса, қар суы сайсаланы қуалап кетуі мүмкін. Әсіресе, биыл Жайық өзені ерекше назарда болуы керек. Өйткені Ресейдегі әріптестеріміздің алынған ақпаратқа сәйкес ол жақта да қар қалың. Сондықтан қар күрт еріп, су тез келсе, облыста 1994 жылғы жағдай қайталануы мүмкін. Онда Жайық деңгейі 8 метр 30 сантиметрге жеткен болатын. 6 метрден асқан жағдайда саяжаялар суға кетеді. Сондықтан осындай мәселе қаперге алынып, барлық дайындық жұмыстары жүргізілді. Әлі де пысықталады», – деді өңір басшысы Нариман Төреғалиев.

Ал ауа райын болжаушылар болса биыл тоң қалың түсті, егер оның бәрі бірден еритін болса облыс үшін қауіпті деп болжап отыр.

«Облыс бойынша орташа қар қалыңдығы — 12 сантиметр, бұл нормадан 6 сантиметр төмен. Бәйтерек, Бөрлі, Шыңғырлау, Теректі, Қаратөбе аудандарында өте қалың. Теректі, Шыңғырлау, Бөрлі, Қаратөбе аудандарында қардағы ылғал қоры нормадан жоғары. Ал қалған аудандар мен Орал қаласында норма шамасында және одан төмен. Өңірде қардағы орташа ылғал қоры қалыпты болғанымен, былтырғы жылғыдан 2 есеге көп. Өзен бассейндерінде 60 милиметрге дейін қалыңдықта топырақтың бетінде мұз жамылғысы қалыптасқан, бұл көктемгі уақытта далалық аймақта еріген қар суларының өзен арнасына құйылу процесін тездетеді»,– дейді Қазгидрометтің БҚО филиалы директоры Т.Шапанов.

Мамандардың сөзінше, тоң қалыңдығы облыс бойынша 23-89 сантиметр аралығында. Орал қаласымен қоса Бәйтерек, Теректі, Сырым, Шыңғырлау және Бөрлі ауданында тоң қалың. Облыс бойынша орташа тоң қалыңдығы – 57 сантиметр. Соңғы 10 жылмен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 10 сантиметр, ал былтырғыға қарағанда 2 есе төмен.

Филиал директоры келтірген алдын ала гидрологиялық болжамға сәйкес

Биыл аймақта 147 елді мекенді су басу қаупі бар. Ал қаланың өзінде 31 саяжай суға кетуі мүмкін. Осы 31 саяжайдың өзінде 1 300-ден астам адам тұрады. Оның ішінде 322-сі – бала. Негізінен БҚО үшін биылғы көктем су тасқыны қаупін анық сездіріп отыр. Бұл туралы брифингте БҚО әкімі өзі де айтты.

мен елді мекендер түгел суға кетіп қалуы мүмкін.

«Қазсушар» РМК Батыс Қазақстан филиалының бас инженер-гидротехнигі Шымболат Ермағамбетов биылғы 10 ақпандағы мәлімет бойынша Жайық өзенінің Орал қаласы тұсындағы деңгейі 145 сантиметр, яғни былтырғыдан (83 сантиметр) 62 сантиметр жоғары деп атап өтті.

Орал қаласында тек саяжай аумақтары ғана емес шаһардың құрамына кіретін кенттерге де қауіп төнуі ықтимал. Соның бірі – Зачаган кентінде былтырғы көктемде Мұрат Мөңкеұлы көшесі бойындағы көпқабатты үйлердің жертөлелеріне ағын су кіріп кетіп, тұрғындар мен мекемелерді әбігерге салғаны бар. Төтеншеліктер мен жергілікті билік осы қауіпке жол бермейміз деп қамданып жатқанын айтады.

Қала және аудан әкімдіктерінің мәліметіне сәйкес, су тасқынына бейім 147 елді мекенге 47 мың адамға арналған 219 уақытша орналастыру пункті, 317 эвакуациялық техника бекітіліп, үй жануарларын көшіруге 168 қауіпсіз жер белгіленді. Бір ғана Орал қаласының өзінде су тасқыны бола қалған жағдайда адамдарды уақытша орналастыру үшін 27 орын мен бірнеше қонақүймен келісім жасалыныпты.

БҚО ТЖ департаменті төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бастығы Нұралы Мүсиевтің мәлімдеуінше, өңірде көктемгі су тасқынына қатысты жұмыстар қарқынды жүруде.

Қазір 2 млн теңгеге ғарыштық мониторинг және 80 млн теңгеге аэровизуалды зерттеу жүргізуге, 35 млн теңгеге мұз жару жұмыстарына келісімшарт жасақталыпты.

«Жалпы, тасқын суды қауіпсіз өткізуге бағытталған 144 шақырым арық пен канал, 600-ге жуық құбыр тазаланып, 43 мың шаршы метр мұз кесілді. 25 мың шаршы метр қамыс шабылып, 4 мыңға жуық ойық бұрғыланды. Елді мекендерден қазір 499 мың текше метр қар шығарылды. 32 мыңнан астам құм салынған қап дайын тұр. Бұдан басқа әр апта сайын су тасқынына қарсы сенбіліктер өткізілуде. Сенбілік барысында арықтар мен құбырлар тазалануда, қауіп төнуі мүмкін елді мекендер мен саяжай алқаптарының тұрғындарына түбіршектер қол қойдыру арқылы таратылуда. Департаментпен барлығы 63 техника, 36 жүзу құралы, 70 мотопомпа мен жеке құрамның 305 адамы дайындалды. Техникамен қажетті киім-кешекпен және жабдықпен қамтамасыз етілген олар жедел топтардың құрамында 4 бағыт бойынша бөлінген, жағдай қиындаған жағдайда шұғыл көмек көрсететін болады», – дейді БҚО ТЖ департаменті төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бастығы Нұралы Мүсиев.

Төтеншеліктер бәрі де ауа райына байланысты болмақ деп отыр.

«Егер қар күндіз-түні ерісе, онда жағдай қиындайды. Ал күндіз еріп, түнде қатып, осылай созылса оның жақсы әсері болады. Ресейдегі әріптестермен әрдайым байланыстамыз. Олардың ақпаратына қарағанда, түскен қар мен күзгі ылғал нормадан жоғары. Нақты болжам наурыз айының басында белгілі болмақ. Орал қаласында 80-нен астам саяжай аумағы бар. Солардың ішінде ең қауіптісі – 1-саяжай және 2-саяжай қауымдастықтары және Шаған, Деркөл өзендері жайылмаларында орналасқан саяжайлар. Егер өзендер арнасынан шығып, жайылмаларды басатын болса, саяжайларға су кіретінді. Мұның табиғи жағдай екенін түсінген жөн. Саяжай тұрғындарын көшіру үшін арнайы қосындар әзірленді»,– деді Н.Мүсиев.

Айтпақшы, өткен сенбі облысқа Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Арынов келіп кетті. Министр мырза өңірдегі су басу қауіпі бар жерлерді аралап шықты.

Жалпы, облыс бойынша көктемгі су тасқынына мамандар түгел дайынбыз деп отыр. Әзірге облыста күн райы жылына қойған жоқ. Ауа райын болжаушылар ақпанның аяғына дейін аяз күтіледі деп отыр. Ал наурыздың басында күн райы күрт жылынады деген болжам бар. Ел билеушілердің сыналар сәті алда секілді.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Жыл сайын дүрліктіретін көктемгі тасқын судың әбігері биыл да елге тым ауыр соғар түрі бар. Қазгидромет желтоқсан мен қаңтар айларындағы қардың жылдағыдан бірнеше есе артық түскенін хабарлаған. Оның үстіне күздегі жаңбыр мен одан кейін топырақтың тоң болып қатып қалуы тасқын судың орасан шығынға батыру қаупін еселей түскен. Ертерек қарекет қылмаса, биыл жылдағыдан көп елді мекен қызыл судың астында қалып, опық жеп қалуымыз мүмкін. Бұл орайда қар аса мол жауған Теріскей мен Шығыс Қазақстан облысындағы жағдай күрделі.

Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Арыновтың келтірген деректеріне сенсек, қазірдің өзінде елдің 12 елді мекенінде су тасқыны тіркеліп үлгерген. Жалпы, елдің 10 облысында су тасқыны қаупі аса жоғары болып тұр.

Әсіресе, Ақмола облысындағы жағдай күрделі. Облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметтері бойынша өңірде қазір Целиноград, Аршалы, Атбасар, Сандықтау және Астрахан аудандарына қарасты 112 елді мекенде су басу қаупі аса жоғары. Деректер бойынша бұл елді мекендерде 13 мыңнан астам халық тұрады.

Өңірде бұрынғы жылдары жергілікті атқарушы органдар мен төтенше жағдай қызметі 14 аудан мен 3 қала аумағында су тасқынына қарсы кешенді шаралар жүргізіпті. Атап айтқанда, 2 390 метр су бұру арналары салынып, су тасуы мүмкін болатын өзендердің 1 700 метр арнасы тазартылған. Әдетте, су жағасындағы қалың қамыс пен түрлі өсімдіктің шіріндісі өзендердің табанына шөгіп, судың ағынына кедергі келтіріп, бұл тасқын кезінде өзен суының арнасынан асып, жайылып кетуін туғызатын. Сондай-ақ кейінгі кезде адамдардың өзенге тастап жатқан күл-қоқыстарды да өзен арналарының тайыздауына, әсіресе өзеннің кілт бұрылатын тұстарында су ағынының төмендеуіне әкеліп соққан.

Сондықтан жоғарыдағыдай өзен арналарының тазартылуы аса маңызды шара екені даусыз. Осы мақсатта жергілікті атқарушы органдар мен төтенше жағдай қызметі бірлесіп 18 588 метр су арнасы тереңдетіліп, бұзылып, аласарған 8 мың метрден астам тоннадан астам жанармай, 21,8 мың тонна құм және басқа да инертті материал, 81,7 мың бөген қаптары әзірленді. Қазір аталған бағытта жұмыстар жалғасып жатыр. Өңір аумағында реттелетін Сеілеті және Шағалалы су қоймалары бар. Онда қазір су қоры деңгейі 67,8-72,5 пайыз шамасында болып отыр. Төтенше жағдайлар департаменті күш-құрылымдарының жеке құрамында 398 адам, 73 техника, 10 жүзу құралы, 82 мотопомпа бар. Тексеріс қорытындысы бойынша көктемгі мүмкін болар су тасқынына азаматтық қорғаныс жүйесі әзір, – дейді Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Қанат Доспаев.

Тасқын судың салдары болмас үшін қыс бойы жауған қарды күреп, тазарту да аса түйткілді мәселе. Өйткені өңірдің әр аймағында қалың қардың кесірінен апталап, тіпті айлап сыртқы әлеммен байланыссыз қалған ауылдар баршылық. Мәселен, Зеренді ауданына қарасты Ұялы, Ақадыр, Шағалалы ауылдарының тұрғындары қыс ортасында бірнеше апта бойы елден шыға алмай қалған еді. Ал көктем шыға жол бойында суағарлардың болмауынан еріген қар суы сарылдай аққан кезде тұтас елді мекен топан суға көміліп, Сандықтау ауданына қарасты Арбузинка, Атбасар ауданындағы Бастау басқа да ондаған ауылдың жан-жағын су басқан «аралға» айналғаны көптің есінде. Бұл орайда сол еріген қар суының өзін қажетке айналдырудың жүзеге аспай жатқаны шымбайға батады. Өйткені жылда су тасқынымен күресіп, оған миллиардтар жұмсағанымызбен жазда Көкше аймағындағы көлдердің суы тартылып, тіпті кеуіп кетіп жатады.

бөгендерді нығыздап бекітіп, 58 дана су өткізу құбырлары салынып, 2 мың шақырымнан астам жолдың жиектері бекітілді деген ақпарат жетті. Жалпы, биылғы су тасқынының алдын алу үшін бөлінген қаржы да қомақты. Облыс бойынша 2 млрд 239 миллион теңге сомасында қаржы бөлінген. Бұл былтырғы су тасқынына қарсы бөлінген қаражаттан 77 пайызға көп. Өңірдің төтенше жағдай қызметі көктемгі су тасқынына барынша әзірлік жұмыстары жүріліп жатқанын алға тартты.

– Қазір мердігер ұйымдармен су тасқыны қаупі бар он ауданның аумағындағы 15 өзен учаскелерінде 20 мың метрден астам аумақта мұз жарылыстарын өткізіп қалың мұзды әлсірету жұмысын жүргізуге келісімшарт жасалды. Елді мекендер аумағынан 486,5 мың текше метр қар шығарылды. Аймақтарда 236 мың Сала мамандары осы жауын-шашын суын да шашау шығармай жинаса өзен-көлдердің де арасынан толтыруға мол септігі болар ма еді дегенді айтады.

Расында да, малмен ғана күнелтетін қара топырақты әрі өзен-көлдері мол делінетін Зеренді, Сандықтау ауданына қарасты ауылдардың тұрғындары шілденің ми қайнатар ыстығында малын суарар арық таппай қиналатыны жасырын емес. Былтыр жаз бойғы қуаңшылықтан көктемдегі қар суы сай-сайды қуалап ағып кеткен. Өйткені тоң болып қатып қалған топыраққа еріген қар суы сіңбейтіні рас. Сондықтан табиғи су арналарының жолдарын өзен-көлдерге қарай бұрып, өзендердің суын молайтса, яки ойпаң жерлерге көлшік жинаса малға суат болар ма еді дейсің...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

ГОЛОВКИН ШАПАНЫН КОСТЮМГЕ АЛМАСТЫРДЫ

Бұл апта Ұлттық олимпиадалық комитеттегі үлкен өзгеріспен басталды. Ұйымды тапжылмастан 9 жыл басқарған Тимур Құлыбаев өз өкілеттігін тоқтатып, орнын даңқты боксшы Геннадий Головкинге босатып берді. Бұдан бөлек, бас хатшы Андрей Крюков пен бас директор Серік Қасқабасовтың да қызметінен кететіні белгілі болды. Париж Олимпиадасы таяғанда тап мұндай өзгеріс енгізу не үшін қажет болды? Жазғы ойындарға дейін Головкин жағдайды жақсарта ала ма? Осы сауалдарға жауап іздеп көрдік.

Қазақ спорты дәл қазір қиын кезеңдерді бастан кешуде. Әсіресе, олимпиадалық спорт түрлеріндегі нәтиженің тым құлдырауы жанкүйердің де, осы сала басшыларының да тынышын алды. 2018 жылғы жазғы Азия ойындары мен 2020 жылғы Токио Олимпиадасындағы тоқырау әлі де жалғасуда. Кейін ұлттық құрама Бейжіндегі қысқы ойындардан құралақан келіп, 2023 жылғы Ханчжоудағы жазғы ойындарда алғашқы ондыққа да кірмей қалды.

Мұның бәрі біздің спорттағы жүйенің, дайындықтың және спорт менеджерлерінің әлсіздігін анық көрсеткен еді. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Токио Олимпиадасынан кейін ескерту жасаса да, көрсеткіш айтарлықтай өзгерген жоқ. Ал Ханчжоудағы жазғы ойындар олимпиадалық спорт түрлеріндегі жағдайдың тым мүшкіл екенін дәлелдеді. Тіпті, 2014 жылы Инчхондағы жазғы Азиадада жеті алтын алған боксшыларымыз бұл додадан бір қоламен қайтқан еді.

Басталуына тура бес ай қалған Париж Олимпиадасына ұлттық құраманың небәрі 19 жолдама жеңіп алғаны да жағдайды қиындата түсті.

Осыдан соң Ұлттық олимпиада комитетінің жұмысы сын садағына іліге бастады. Қарапайым халықтан бастап биік мінбердегі лауазымды тұлғалар да Құлыбаев бастаған ұйымның қызметіне шүбә келтіріп, халықаралық аренада беделінің жоғын алға тартып, тіпті құрамына кілең зейнеткерлерді жиып алғанын да тілге тиек етті.

Құлыбаев – отандық спортта бұрыннан үлесі бар адам. Ол Ұлттық олимпиадалық комитетке дейін Бокс федерациясын бірнеше жыл басқарды. Соңғы қызметінде тоғыз жыл отырған «күйеу баланы» орнынан алу үшін Головкин сияқты халықтың сүйіктісі қажет болды. Сондықтан осы бір ірі ұйымға даңқты боксшының бекер келмегенін аңғару қиын емес. Иә, Головкиннен бөлек ел спортына қызмет етіп жүрген бұрынғы чемпиондар жоқ емес. Спорт саласында ұзақ жылдан бері жүрген Дәулет Тұрлыханов, Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев пен Олимпиада жүлдегері Ислам Байрамуковты да бұл орынға ұсынғандар болды. Бірақ олардың атақ-дәрежесі бәрібір Головкинге жетпейтін, одан бөлек, Ұлттық олимпиадалық комитет халықаралық ұйым болғандықтан, мұнда әлемдік аренадағы беделді адамның қажет болғаны анық.

> *Ал әзірге Головкин келген соң Париж Олимпиадасында алтынды «қырып» аламыз деген ойдан ада болу керек. Өйткені аз уақыттың ішінде әйгілі Гена да ештеңе өзгерте алмайды. Себебі спорт – уақытты, дұрыс жүйені және тұтастай дайындық циклін талап ететін сала. Осы жүйе ретке келмейінше, болашақ чемпиондарды өсіру оңай болмайды.*

Біздің пайымымыз бойынша, Геннадий Головкинге Ұлттық олимпиадалық комитет тізгінін беру кезінде бірнеше фактор есепке алынды.

Біріншіден, Ұлттық олимпиадалық комитет – Халықаралық олимпиада комитетінің Қазақстандағы заңды өкілі. Ал әлемдік жарыстарда ХОК-тің айтқаны болатыны тағы бар. Соңғы турнирлерде төрешілерден әділетсіздік көрген тұсымыз көп болды. Сондықтан бұл жерде Головкиннің беделіне сенім артылып отыр. Геннадийді әлемдік ұйымдардың есігін «теуіп» кіретін тұлғалар қатарына жатқызуға толық негіз бар.

Екіншіден, қазір отандық спортқа деген жанкүйер ықыласы азайып, аталған сала жиі сынға ілігуде. Сол себепті Головкинді әкелу арқылы халықтың спортқа деген сенімін нығайту да көзделгені анық. Қанша дегенмен GGG бүкіл қазақты таңғы алтыда ұйқысынан оятып, теледидарға телмірте алған жалғыз адам. Оның бокстағы атақ-даңқы және ел алдындағы абыройы бұл қызметте де көмекке келері анық.

Үшіншіден, алыс Америкада өзінің жайбарақат өмірін сүріп жүрген Геннадий Головкинді елге әкеліп, оған отандық спортты сеніп тапсырғандардың да кім екенін бағамдау қиын емес. Головкин өзінің саясаткер де, шенеунік те емес екенін алға тартып, отандық спортқа шынымен өз үлесі қосылатын болған соң ғана бұл қызметке келіскенін айтты. Яғни, даңқты спортшы құр келмей, өзінің нақты талабын да айтып отыр. Демек, Головкиннің беделі бұл жерде тағы да рөл ойнайды. Оның қандай өзгерістер ұсынатынын Париж Олимпиадасынан кейін бағамдаймыз.

Ал әзірге Головкин келген соң Париж Олимпиадасында алтынды «қырып» аламыз деген ойдан ада болу керек. Өйткені аз уақыттың ішінде әйгілі Гена да ештеңе өзгерте алмайды. Себебі спорт – уақытты, дұрыс жүйені және тұтастай дайындық циклін талап ететін сала. Осы жүйе ретке келмейінше, болашақ чемпиондарды өсіру оңай болмайды.

Айтпақшы, әлеуметтік желіде Головкин келген соң спорттағы жемқорлық азаяды дегенге саятын пікір көп. Шамасы, көпшілік жанкүйер Ұлттық олимпиада комитетіне мемлекет бюджетінен қаржы бөлінбейтінін ұмытып кетсе керек. Иә, 2018-2022 жылдар аралығында отандық спорттағы қаражат тұтас ҰОК меншігіне беріліп, барлығын Құлыбаевтың командасы реттегені рас. Бірақ Қаңтар оқиғасынан кейін отандық спорттың бюджеті толығымен Спорт және туризм министрлігіне өтті. Бүгінде министрлікке қарасты Спортты дамыту дирекциясы мен Спорт және дене шынықтыру істері жөніндегі комитет осы саланың қаражатын түгел басқаруда. Оған облыстық Спорт басқармаларын қосуыңызға рұқсат.

Демек, жемқорлық тақырыбын да Головкинге артудың қажеті жоқ. Оның ең басты міндеті – Қазақстанның әлемдік аренадағы беделі үшін жұмыс істеп, ұлттық спорт федерацияларының рөлі мен жауапкершілігін көтеру болмақ.

Арда КЕМЕЛ

СПОРТШЫЛАР СУРДЛИМПИАДАҒА АТТАНДЫ

Алматыда есту қабілеті зақымданған спортшылар арасында өтетін XX қысқы Сурдлимпиада ойындарына ұлттық құраманы ресми шығарып салу рәсімі өтті.

XX қысқы Сурдлимпиада ойындары 2-12 наурыз аралығында Түркияның Эрзурум қаласында өтеді. Дүбірлі додаға 36 мемлекеттен мыңға жуық спортшы қатысады. Жарыста тау шаңғысы, сноуборд, шаңғы жарысы, шахмат, футзал және керлинг спорт түрлерінен 34 комплект медаль ойнатылады.

Қазақстан тарапынан қысқы ойындарға шахмат, сноуборд және шаңғы жарысынан 26 спортшы қатысады. Байрақты бәсекеде ел намысын шахмат жарысы бойынша астаналық сурдо спортшылар Әлия Мұратова мен Сұлтан Қожахметов қорғайды.

Шара барысында қысқы Сурдлимпиада ойындарының ашылу салтанатына еліміздің Туын ұстап шығу мәртебесі шахматтан әлем чемпионатының қола жүлдегері елордалық Сұлтан Қожахметовке тапсырылды. Спортшыға Туды Сиднейде өткен жазғы Олимпиада ойындарының жеңімпазы Ермахан Ыбрайымов табыс етті.

«Шахматпен айналысқаныма 10 жылдан астам уақыт болды. Биыл алғаш рет қысқы Сурдлимпиада ойындарына қатысқалы тұрмын. Бұл жарыста еліміздің Туын ұстап шығу үлкен абырой. Ел үмітін ақтап, үздіктер қатарында болуға барлық күш-жігерімді саламын!» – деді Сұлтан Қожахметов.

ҚОРЖЫНДА 21 ЖҮЛДЕ БАР

Су спорты түрлерінен өтіп жатқан XI Азия чемпионатының екінші жарыс күні Қазақстан құрамасы үшін олжалы болды.

Филиппин елінің Нью-Кларк-Сити қаласында өтіп жатқан жарыста спортшыларымыз 10 жүлде жеңіп алды: 8 алтын, 2 күміс медаль. Жүзудің А тобында отандастарымыз Әділбек Мусин (100 м баттерфляй), Аделаида Пчелинцева (50 м брасс), Софья Сподаренко (100 м баттерфляй) алтын алса, 1500 м еркін әдісте Диана Тасжанова үздік шығып, күміс иеленді. Жүзудің В тобында ерлер құрамасы (Егор Попов, Арсен Қожахметов, Максим Сказобцов, Даниил Черепанов) эстафета 4х100 аралас әдістен алтынға қол жеткізді. Сондай-ақ Арсен Қожахметов (50 м брасс), София Абубакирова (50 м еркін әдіс), Максим Сказобцов (100 м баттерфляй) – алтын, Даниил Черепанов (50 м еркін әдіс) күмісті олжалады. Ал суға тұғырдан қатар секіруден Диана Жұмағұлова мен Анабелла Кочкина алтын алды.

Азия чемпионатының екінші күнінен кейін Қазақстан еншісінде 21 медаль бар (11 алтын, 6 күміс, 4 қола).

ТИКТОКШЫЛАР КАННФЕСТИВАЛІНЕ БАРАДЫ

Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен TikTok қазақстандықтарды қазақтілді және отандық үздік фильмдер байқауына, сондай-ақ #tiktokshortfilm әлемдік жобасына қатысуға шақырады.

TikTok платформасы биыл үшінші рет қатарынан #TikTokShortFilm өткізеді. Байқауда 55 елдің авторлары бүкіл әлемнің көрерменіне өз туындысын ұсынады. Былтыр #tiktokshortfilm хэштегімен 2 миллионнан астам видео түсірілген.

Қатысушылар 2024 жылғы 21 ақпаннан 15 наурызға дейін байқау шарттарына сәйкес келетін 1 минуттан асатын түпнұсқа бейнеролик жариялауы қажет. Қазылар алқасы «Бас жүлде», «Үздік сценарий», «Үздік режиссерлік жұмыс» номинациялар жеңімпазын анықтайды. Үздіктер Францияда 77 рет өтетін Канн кинофестивалінің марапаттау рәсіміне шақырылады.

«Бас жүлде» номинациясының жеңімпазы 10 мың еуро көлемінде сыйақы алады, қалған екі номинация бойынша үздік жұмыс авторларына болашақта шығармашылығын дамыту үшін бес мың еуродан беріледі. Сондай-ақ Қазақстан авторлары да дәл сол күндері жергілікті қысқа бейнефильмдер байқауына қатыса алады. «Қазақстандағы ең үздік қысқа фильм» және «Қазақ тіліндегі ең үздік қысқа фильм» атты екі номинация бойынша жұмыстар қабылданады. Байқау жеңімпаздары Канн кинофестиваліне қатысады.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4418
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Бауыржан САБЫРБЕК